Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 46 (1101)

25.11.2022

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

ЖЕТІСУЛЫҚ ҰСТАЗДАР «ҮЗДІК ПЕДАГОГ» АТАНДЫ

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА «ҮЗДІК ПЕДАГОГ-2022» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРАДА ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ ОЗА ШАПҚАН 64 ЖЕҢІМПАЗҒА 3 МЛН ТЕҢГЕНІҢ СЕРТИФИКАТЫ МЕН АРНАЙЫ ТӨСБЕЛГІ ТАБЫС ЕТТІ.

Өткізілген байқаудың барлық кезеңін цифрландырудың арқасында биыл тартысты додаға мұғалімдердің 5,5 мыңнан астамы қатысты. Өтініш берген сәттен бастап үміткерлер жарыстың динамикасын онлайн бақылау мүмкіндігіне ие болды. Олар қатысушылар қай кезеңде, қандай ұпайлар қойылғанын бақылай алды. Ақтық сынға өткен педагогтер ашық сабақтар өткізді және оны конкурс комиссиясы бағалады. Осындай шаралардың арқасында қатысушылардың саны ғана емес, олардың сапалық құрамы да артты.

Топты жарып үздік педагог атанғандар қатарында Жетісу облысының үздік мұғалімдері де бар. Солардың бірі – Айгүл Сүлейменова.

Айгүл Мақсұтханқызы Алакөл ауданына қарасты Қызылқайың ауылында дүниеге келген. Сол жерде мектеп табалдырығын аттап, он бір жылдық білім алып шығады. Ұстаздықты жанына жалау еткен ол 1994 жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің педагогика-психология факультетіне оқуға түседі. 2002-2005 жылдары сол білім ошағында филология факультетін тәмамдайды. Алғашқы еңбек жолын Талдықорған қаласындағы Макаренко атындағы орта мектебінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып бастайды. Аз ғана уақыттың ішінде жас маман мектептің тәжірибелі ұстаздарынан мамандықтың қырсырына қанық болады. Сөйтіп, ұжым ортасында сыйлы мұғалім атанады.

2002 жылдан бастап Ескелді ауданы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып 17 жыл жұмыс істесе, 2015-2019 жылдары директордың әдістеме жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылдан бері қарай І.Жансүгіров колледжінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып еңбек етуде.

Білікті ұстаз байқауға қатысу үшін соңғы үш жылда колледж қабырғасындағы жетістіктерін жинағанын айтады. Доданың биылғы ерекшелігі де сонда. Оқу-ағарту министрлігінің сайтына тапсырмаларды бірнеше параметрлер бойынша жүктепті. Оның ішінде үш жылда қатысқан конференция, ашық сабақтар мен бейнесабақтар, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстар да бар.

Жетістіктерді жүктеген соң, біраз уақыттан кейін облыстан өткендігі туралы сүйінші хабар жетіп ол келесі сынға дайындықты бастап кетеді.

Жалғасы 7-бетте

НЕГЕ?



ҚҰЛДЫҚТАҒЫ ЖАНДАР КӨБЕЙДІ

Соңғы жылдары өмірін құлдықта өткізіпті, құлдықта ұстапты деген әңгімелерді жиі естіп жүрміз. Құқық қорғаушылар елімізде адам еңбегін тегін пайдалану кең тарағанын, айыптылардың міндетті түрде жазаға тартылатынын айтады. Жыл сайын ішкі істер министрлігі мұндай оқиғалардың дерегін жариялап отырады. Статистика бойынша үй шаруасына жұмысқа салу мақсатында адам саудасы кеңінен таралған. Оған бағынышты адамдар көбіне ауыр, қара жұмысты және өмірін қауіпке тігетін жұмыстарды да атқаратындарын айтады.

Жақында Жетісу облысы Қаратал ауданының тұрғыны өзінің 10 жыл бойы жергілікті шаруаның еңбек құлдығында болғанын айтып бейнесюжет түсірген. Ағымдағы жылдың 14 қарашасында ол кішкентай қызымен өзін құлдықта ұстағандардан қашып кеткенін айтты. Үндеуінде қазір қожайындарынан жасырынып жүргенін, тәртіп сақшыларынан құжаттарын қайтаруға көмектесуін сұрайды.

«Егер мен қайтып ол жерге баратын болсам, барлығы қайталануы мүмкін. Тағы да мәжбүрлі түрде құлдыққа алып қалады деп қорқамын. Қызым екеуміз қалыпты өмірге кірісуіміз үшін құжаттарды қайтаруға көмектесіңіздер», – дейді ер адам бейне үндеуінде.

Полицейлер бұл бейнежазбаның назарға алынғанын және қазірдің өзінде Қаратал аудандық полициясында ресми тіркелгенін айтты.

«Қазір факті бойынша ақпарат тексерілуде. Біз ер адамнан бізге хабарласып, тиісті айғақ беруін сұрадық», – деп хабарлады Жетісу облыстық ІІД баспасөз қызметі. Облыстық департамент тексеру қорытындысы бойынша қосымша ақпарат кейінірек берілетінін түсіндірді.

Психологтер құлдыққа түсуден ешкімнің сақтандырылмағанын айтады. Тұрмыстық жағдайы жақсы, толыққанды отбасынан шыққан адам да «құл» болуы мүмкін. Өйткені қоғамда біреуге ақы төлегеннен гөрі тегін еңбек күшін пайдаланғанды тиімді көретіндер көп.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабына сәйкес адам саудасы үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген делінген. Яғни, елімізде траффикингке жол жоқ. Дей тұрғанмен, құлдықтағы жандардың қатары артуда. Неге?

А.БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Началась подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ҮГІТ–НАСИХАТ КЕЗЕҢІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

ҚР Президенттігіне Халықтық к оалиция атынан ұсынылған Қасым-Жомарт Тоқаевқа республика бойынша 6 миллионнан астам адам дауыс берген. Үміткерді қолдаушылардың басым бөлігі Жетісу облысының азаматтары.

Өңір халқының 81,43 пайызы президенттің «Әділетті Қазақстан құру» идеясын қолдаған. Бұл туралы «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының атқарушы хатшысы Арыстанғали Қадырұлы журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлау алды бағдарламасын насихаттауда халықтық коалиция жанындағы Жетісу облыстық қоғамдық штабтың сайлауға дейінгі атқарған жұмыстарына тоқталған Арыстанғали Арын үгіт ісіне кандидаттың 1254 сенімді өкілі тартылғанын атап өтті. Саяси науқанда қарқынды жұмыс жүргізген қоғамдық штаб өкілдері ағымдағы жылдың 12-қыркүйегінен бастап, 18-қарашасына дейін барлық аудан, ауылдарда 1587 іс-шара ұйымдастырған. Осы шараларды ақпараттандыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 100-ден аса мақала жарық көріп, әлеуметтік желілерге 94 мыңнан астам жазба-пост салынды.

– *Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын қолдау мақсатында облысымызда түрлі шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ сыртқы жарнамалар бойынша облыс көлемінде 27 орын белгіленіп, барлығына билбордтар ілінді. Үгіттік баспа материалдарын тарату жұмыстары да қарқынды жүзеге асып, оған «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының «Жастар Рухы» жастар қанатының 305 мүшесі ақылы негізде жұмысқа тартылды. Сайлау күні дауыс беру учаскелерінде 418 сенімді тұлға және «AMANAT» партиясының 836 бақылаушысы жұмыс жүргізді. Осындай ел тәуелсіздігінің ең жауапты кезеңінде Жетісу облысының халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлыда Exit poll қорытындысымен танысуға келгенде Жетісу облысы тұрғындарына ерекше алғыс айтып, мерейімізді одан әрі тасытты*, – деген Арыстанғали Арын өздерін әлі талай қызу әрі қауырт жұмыстар күтіп тұрғанын айтты.

Айдана СМАҒҰЛ

БІЛІМ

МАТЕМАТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ БІРІНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ БІЛІМНІҢ РӨЛІ АРТЫП, ӘР ЕЛДІҢ ӨЗІНДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН. БІРАҚ ОЛ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІМЕН, БАҒЫТ-БАҒДАРЫМЕН ДЕҢГЕЙЛЕС БОЛУЫ ҚАЖЕТ.

Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз. Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Міне осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да, саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде математиканың алатын орны ерекше.

Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал математиканың дамуына адамзат тіршілігінің дамуының басқа да түрлерін, тарихтың дамуын, өндірістік қатынастар мен өндірістік күштердің дамуы, мәдени тарихпен, техника, физика, астрономия, механика, философия тарихымен де тығыз байланысты. Демек, математиканың дамуын жетілдіріп, толықтырып, математика мен математикалық теориялардың, идеялардың дамуы емес – сол кездегі халықтың тұрмыс тіршілігінің деңгейіне сәйкес, білімнің дамуы зор ықпал етеді. Ал білімнің оқыту процесімен тығыз байланыстылығы мәлім. Сонымен қатар қоғам үшін де математиканың рөлі ерекше, себебі әр түрлі бағыттағы математикалық әдістерді қолданбаса ғылыми – прогресстің болуы мүмкін емес. Бұл жерде математикалық дайын ақпараттарды қолдану ғана емес, ғылым мен техниканың дамуына ықпал ететін жаңа туындыларға жол ашу, мүмкіндік жасау. Бұл үшін қажет болған жағдайда жаңа идеялар айтатын, математикалық сауаты жоғары мамандар дайындау қажет.

Ж. СЫДЫКОВА,
Н. Островский атындағы мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ

КҮН ТӘРТІБІН ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

Балабақша – балаларды жақсы тәрбиеге, уақытылы күн тәртібіне әдеттенуді үйрететін білім ордасы. Балалардың ерте жатып, ерте тұруы денсаулықтарына, ойлау қабілеттеріне тікелей әсер етеді. Сол себепті де балабақшаға баланы уақытылы апару аса маңызды.

XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында берілді. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімімен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді.

Баланың балабақшаға жылдам және ауыртпалықсыз бейімделуі үшін ата-аналар баланы мектепке дейінгі білім беру мекемесіне дейін біраз уақыт дайындаулары керек. Баланың жаңа ортада қалай сезілетініне үлкен әсер етеді, күнделікті өмірде ойнайды. Әр балабақшада күн тәртібі бар екені белгілі. Ұйықтау, ойындар, тамақтану және балабақша сабақтары белгілі бір сағаттарда өткізіледі. Баланы балабақшаға берер алдында ата-аналар үйде бір күнді ұйқы мен тамақтану уақытын балабақшадағыдай сағатта өткізетін етіп ұйымдастырулары керек. Бұл үшін ата-аналар күн тәртібінің балабақшада екенін білуі керек. Балабақшадағы жұмыс режимін ұйымдастыру балалардың жасына байланысты белсенді ойындарға, сабақтарға және демалыстарға жеткілікті уақытқа жететін етіп жасалған. Балабақшадағы баланың жағдайы әртүрлі болуы мүмкін, бірақ әрбір мектепке дейінгі мекеме бірдей жалпы ережелерге бағынады.

Күн тәртібінің жасалу принциптері мыналар: 1) баланың ұйқысын, сергектігін, іс-әрекетін, демалысын дұрыс ұйымдастыру; 2) күнделікті өмірде, түрлі қимыл-әрекетте жұмсалған күшін қалпына келтіру, баланы аса көп шаршаудан сақтандыру; 3) тамақтану мезгілін ас қорыту органдарының және ішкі секреция бездерінің қызметіне сәйкес ұйымдастыру; 4) ойын, серуен, еңбек, оқу тәрізді күнделікті іс-әрекет түрлерін, демалыс кезеңдерінде серуен, ұйқы, бой жазу әрекеттерін дұрыс алмастырып отыру; 5) таза ауада болу мерзімін белгілеу сияқты принциптерге сәйкестендіріліп құрылады.

Балалардың өсіп, дамуы үшін күн тәртібінің дұрыс жасалуы – бала көңілінің байсалды, сергек, шат-шадыман, мінезінің бірқалыпты болып қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сондықтан нәрестелік, бөбектік, сәбилік шақтағы балалардың күн тәртібін жасауда жүйке клеткаларының жұмыс істеу қабілетін ескеру (ойнату, сергіту, тамақтандыру, серуендету мерзімін), жүйке қызметін қалпына келтіру үшін ұйықтау мерзімін анықтау, тамақтану уақытын тұрақтандыру, бұл шақта бала жүйкесінің жұмыс істеу қабілеті өзгеріп отырады (жаңа туған бала тәуліктің көп уақытын ұйқымен өткізсе, 2-3 айлық бала 1,5 сағатқа дейін ұйқысыз жата алады, 1 жаста 3-3,5 сағат бойы сергек күйде болады, 3 жаста 5,5-6 сағат, мектеп жасына дейінгі кезеңде 6-7 сағатқа дейін ұзарады).

Балалар күн тәртібін үлкендердің басшылығымен орындайды. Оны ұйымдастыратын – тәрбиеші. Ол алғашқы күннен бастап-ақ, жүйелі түрде балаларды күн тәртібін орындауға үйретеді, қадағалайды, әр баланың өзі орындайтындай деңгейге жеткізеді.

Балабақшаға алғаш келген баланы жаңа күн тәртібіне үйрету бір-екі аптаға созылса, денсаулығы нашарлау, тез ашуланшақ баланы үйрету 5-6 аптаға созылады. Баланы тәрбиелеудің негізгі шарты – отбасында күн тәртібін дұрыс орындау. Ол үшін тәрбиеші ата-аналарды топтағы күн тәртібімен таныстырып, үйде және демалыс күндері баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға кеңес береді. Балаға үйде, балабақшада бірдей талап қойылуы көзделеді.

Анар СМАҒҰЛОВА,
«Ален»жекеменшік балабақшасының тәрбиешісі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА

К.К.ТОКАЕВ ИЗБРАН ПРЕЗИДЕНТОМ КАЗАХСТАНА

ЦИК РК ОБЪЯВИЛ ОКОНЧАТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ ВЫБОРОВ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА, ПЕРЕДАЕТ ИА EL.KZ.

По результатам выборов Касым-Жомарт Токаев избран Президентом Казахстана.

Об этом сообщил председатель ЦИК РК Нурлан Абдиров на заседании комиссии сегодня в 11.00 часов 22 ноября. Так, голоса избирателей распределились следующим образом и были подтверждены избирательными комиссиями:

Касым-Жомарт Токаев – 81,31% (6 456 392 человека);

Жигули Дайрабаев – 3,42% (271 641 человек);

Каракат Абден – 2,60% (206 206 человек);

Мейрам Кажыкен – 2,53% (200 907 человек);

Нурлан Ауесбаев – 2,22% (176 116 человек);

Салтанат Турсынбекова – 2,12% (168 731 человек).

Как отметил Нурлан Абдиров, торжественная церемония вступления Касым-Жомарта Токаева в должность пройдет 26 ноября 2022 года.

«Центральная избирательная комиссия зарегистрировала избранного народом Касым-Жомарта Кемелулы Токаева в качестве Президента Республики Казахстан и вручила Главе государства, избранного в соответствии с порядком, определенным законодательством, соответствующее удостоверение. Принесение присяги избранным Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Токаевым назначено на 26 ноября 2022 года», – сказал Абдиров.

АКТУАЛЬНОЕ ИНТЕРВЬЮ

«ЦИФРОВИЗАЦИЯ ОБЛЕГЧАЕТ ЖИЗНЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯ»

Томас Тирс о цифровизации в Казахстане и Эстонии

В Эстонии полностью исключен бумажный документооборот. Здесь отсутствуют традиционные печати и штампы, все процедуры по регистрации компании и банковские услуги ведутся в цифровом формате. Ныыа площадке алматинской палаты предпринимателей об эстонском опыте рассказали посол Эстонии в Центральной Азии Томас Тирс и член правления «OÜ Maksims» Алла Сведова, сообщает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы.

– Господин Тирс, расскажите о цифровых возможностях для предпринимателей в вашей стране.

– Электронному правительству Эстонии уже более 20 лет. В 2002 году введена электронная ID-карта, а цифровая подпись была приравнена к ручной, также нет штампов. Все процедуры осуществляются в электронном формате в реальном времени.

Мы очень рады, за 20 лет казахстанские делегации на уровне президента, министерств страны регулярно приезжали изучать наш опыт. Сейчас я вижу, что системы двух стран схожи. В Казахстане динамично развивается электронное правительство, постепенно документы переводятся в электронный формат, появилась электронно-цифровая подпись (ЭЦП). Самое главное, что все работает в реальном времени и облегчает жизнь гражданам и представителям бизнеса.

Около 10 лет назад мы поняли, что, когда представители иностранных компаний приезжают в Эстонию, то сталкиваются с проблемами из-за отсутствия электронной подписи и электронного ID, что усложняло работу с банками и регистрами. Поэтому начали активно работать над цифровизацией для иностранных предпринимателей – так в 2014 году была основана система e-Residency, которая позволяет получить ID – карту резидента для иностранного предпринимателя.

– За сколько дней иностранный предприниматель может оформить ЭЦП?

– Предпринимателю сегодня не обязательно приезжать в Эстонию, чтобы получить ЭЦП, ID-карту и ИИН, достаточно подать заявку онлайн и позже получить карту и электронные ключи в нашем посольстве в вашей стране. Процесс занимает от 4 до 6 недель.

– Алла, расскажите, на что обращают внимание при принятии решения о выдаче электронных данных и насколько сложно зарегистрировать компанию в Эстонии?

– В первую очередь мы должны быть уверенны, что гражданин, который подает заявку, не является нарушителем закона, все претенденты проходят security background check. При выдачи электронных данных главный вопрос - безопасность.

Зарегистрировать компанию можно двумя способами: электронная регистрация на портале электронного коммерческого регистра или через нотариуса. В первом случае нужно подать заявку на эстонское цифровое удостоверение личности для нерезидентов и далее уже с использованием карты Э-резидента онлайн зарегистрировать свою компанию. Регистрация компании может занять от 1 рабочего дня до 1-2 часов. После этого у представителя компании есть возможность подписывать все документы от имени зарегистрированного юридического лица с картой э-резидента. То есть можно подписать доверенность в налоговую, договора с поставщиками, покупателями.

Второй способ зарегистрировать компанию - подать заявление в нотариальное бюро либо лично приехать в Эстонию. На месте предпринимателю окажут полное бухгалтерское, юридическое сопровождение, помогут найти контакты.

В Эстонии большим плюсом является хорошая бизнес-среда. Можно любой запрос отправить в налоговый департамент при этом необязательно указывать данные клиента, чтобы сохранить конфиденциальность. Ответ же будет получен в течение 1-2 рабочих дней. У нас три рабочих языка: например, можно обратиться в налоговый департамент на английском, на русском, эстонском языках, и вам всегда ответят. Кроме того, эстонская налоговая система очень благоприятна, нет подоходного налога с прибыли компании, которая остается в компании. Налог на прибыль нужно платить только при выводе денег в качестве дивидендов.

– Господин Тоомас, как вы оцениваете цифровые возможности Казахстана?

– В нашей бизнес-культуре нет понятия справка, она не нужна предпринимателю. Людям нужны услуги, доступ к работе. И в этом большая разница, в Эстонии мы за бумагой уже не ходим и не выставляем никаких подписей примерно лет 10. У нас это все в цифровом образе.

В Казахстане в техническом смысле все хорошо. Наши страны пришли к тому, что мы больше доверяем электронным документам, чем бумагам. В реальности, для эстонских граждан, когда тебе дают контракт на бумажном носителе, это выглядит странно и даже подозрительно. Чаще возникает чувство, что мы всегда работали в цифровом формате. В Казахстане есть банки, которые научили людей пользоваться мобильными приложениями, даже минуя электронное правительство, так все данные можно найти в одном приложении. Поздравляю казахстанцев, ведь у вас такие продвинутые банковские и eGov приложения!

– Сейчас российские компании релоцируют свой бизнес на нашем рынке. Как это отразится на казахстанских товаропроизводителях? Это будет больше конкуренция или расширение рынка?

– Может быть оба. Я не вижу это как проблему, потому что конкуренция в реальности хорошая, если это делать на равных правах. И может быть было бы важно и может вы не всегда смотрели это то, что у вас в реальности соседние рынки Узбекистан, Таджикистан, Кыргызстан тоже есть. Население растет, рынки растут и многие становятся богаче. И у вас в реальности так близко есть рынки, у вас же есть очень сильные отношения с Турцией. Поэтому и в этом смысле у Казахстана большие экономические возможности.

– **Спасибо за беседу.**

НАШ КОРР.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

БЕСПЛАТНО ОБУЧАЮТСЯ МОБИЛОГРАФИИ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, 15 НОЯБРЯ СТАРТОВАЛ ПРОЕКТ АЛМАЛИНСКОГО ФИЛИАЛА ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ ПО ОБУЧЕНИЮ СОБСТВЕННИКОВ БИЗНЕСА МОБИЛОГРАФИИ.

Обучение проводится для женщин-предпринимательниц в Центра развития женского предпринимательства с целью продвижения бизнеса в медиа пространстве. Планируется несколько потоков и тренинги.

Проводит обучение мобилограф, эксперт по видеомонтажу Дана Ташимова, которая 6 лет занимается фрилансом в сфере графического дизайна.

По словам директора алмалинского района РПП г. Алматы Темирлана Мадиева из-за многочисленных заявок пришлось преждевременно закрыть набор курса.

«Филиалом алмалинского района на постоянной основе ведется мониторинг потребностей бизнеса в государственной поддержке. По итогам проведенных опросов среди предпринимателей была выявлена потребность в изучении навыков мобилографии для ведения бизнеса. В связи с этим, на площадке Палаты совместно с центром женского предпринимательства организовано обучение «Курсы основ мобилографии». Мы искренне надеемся что это будет полезно для наших предпринимателей», – говорит Темирлан Мадиев.

Предпринимательницы будут обучаться базовым навыкам мобилографии, монтажу видео и съемке контента для своего бизнеса в разных форматах.

«Я как предприниматель, которая все время в движении, всегда открыта к новым вещам. И когда услышала про обучение мобилографии очень обрадовалась, ведь я сама немного интересуюсь монтажом. А теперь могу закрепить это теорией. Хочу поблагодарить организаторов за такую возможность, в наше время бесплатное обучение редкость», – говорит предприниматель Шынар Баймуханова.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЙЛАУ - 2022

ТОП ЖАРҒАН ТОҚАЕВ

ел үмітін ақтай ала ма?

САЙЛАУ ӨТТІ, БӘЙГЕГЕ АТ БАПТАП ҚОСҚАН БАПТАУШЫЛАРДЫҢ СҮЙІНГЕНІ ДЕ БАР, КҮЙІНГЕНІ ДЕ БАР. «АТ ҚОСТЫМ, АТ АЙДАУШЫ, АЙДА ДЕЙМІН, ЖЫҒЫЛМАСА ҚҰЛАГЕР, ҚАЙДА ДЕЙМІН» ДЕП ҚҰСАДАН ЗАР ЖЫЛАП ОТЫРҒАН АҚАН БАПТАУШЫ БҰЛ БӘЙГЕДЕ ЖОҚ ШЫҒАР, СІРӘ.

«Бабы мен бағы жанған көмбені шаңға көміп, жал құйрығы сүзіліп, қос құлағын қайшылап, артқы аяғы алдыңғы аяғынан асып түсіп, оза шапқаны қара көрсетпей келді. Ел іші болған соң, бұған бірінің көңілі толып, енді бірі сол баяғы «Нұр Отанның» үлгісі десіп жатыр. Мұны оппозициялық көзқарас десекте болады. Бірақ халықтың басым бөлігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа дауыс бергені нақтыланды. Сонымен сайлауға әу баста, Қазақстан Президенттігіне 12 адам ұсынылған болатын. Оның ішінде Орталық сайлау комиссиясы алты адамды тіркеген. Олар: елдің қазіргі Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты халықтық коалиция ұсынса, оның кандидатурасын «Amanat», «Ақ жол» және Қазақстан халық партиясы қолдады. Мейрам Қажыкенді «Аманат» кәсіподақтар одағы ұсынса, Жигули Дайрабаевты «Ауыл» партиясы ұсынды. Қарақат Әбденді «Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» ұсынса, ал Салтанат Тұрсынбекова сайлауға «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің атынан түсті. Нұрлан Әуесбаев Қазақстанның «Жалпыұлттық социал-демократиялық» партиясының атынан түскен-ді.

«Алуан-алуан жүйрік бар әліне қарай шабады» демекші Президенттікке кандидатураларын ұсынған кандидаттар бұрын соңды халық алдына етене таныс болмаса да мемлекет басшысы болудан дәмелі әрі сайлауға түсіп бақтарын сынады. Сайлау алды бағдарламаларымен республиканың барлық аймақтарын аралап, аламан жарыс басталарда көгілдір экран арқылы дебатқа түсіп, бірін-бірі шалып сөйлеп, іскерліктері мен шешендіктерін сынап баққан кандидаттар елді ауыздарына қаратып, соңдарынан ерту үшін түрлі көріністер көрсетті. Мәселен «Ауыл партиясы» ұсынған кандидат Жигули Дайрабаев жілік сындырып аты шықты. Кандидаттың бұл көрінісін қалың бұқара «жұдырығы дәу болғанмен жілік жіңішке әрі алдын-ала сындырып қойған ғой» деп сенбестік танытты. Менің пайымдауымша Жигули мырза егер халық мені таңдап, сайланып кетсем елдегі парақорлар мен жемқорларды осылай сындырам» деп жуан жұдырығын көрсеткендей болды. Ал, Қарақат Әбден егер мен Президент болсам, мем-лекетті де басқарып, аналық па-рызым бойынша сиыр сауып, отбасына да қарай аламын деген пайымын көрсетті. «Бәрін айт та бірін айт, комсомолдың жырын айт» демекші, Президентке үміт-кер алты кандидаттың ішінен халық мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының кандидатурасына тоқталды. «Әділетті Қазақстан, Жаңа Қазақстан» құру жолындағы жеті жылдық бағдарламасын айқындап экономиканы өрлету жолында ауыл-шаруашылығына басымдық берілетін, саяси саханада да Қазақстан беделін көтеріп, идеологиялық әлеуметтік теңдікті қалыпқа келтіремін. Жастар мәселесі, Қазақстандағы қазба байлықтар халыққа теңдей үлестірілетін болады. Оның алғышарты туылған әр баланың есепшотына салым салынады әрі енді Президенттік сайлау мерзімі 7 жылдан әрі аспайды» деп Конституциялық Заңмен мөрлеп бекіткен Қасым-Жомарт Кемелұлына қараша қауым сенім артты. Әлем желідегі сайлаушылардың бірі Сәбит Рысбаевтың Фейсбук парақшасынан:

«Ердоғанды қаншама диктатор анау, мынау десе де, маған оның харизмасы ұнайтын. Түріктерде сайлау біткен соң «Балкон конушмасы» деген болады. Сайлауға қатысқан әрбір кандидат немесе партия көшбасшысы сайлаушылары алдында сөйлейді. Сол кезде Ердоғанның үнемі айтатын бір сөзі бар. «Бізге сеніп дауыс бергендеріңізге рахмет. Дауыс бермегендерге де рахмет. Сіздер осы арқылы бізді тағы да қамшыладыңыздар. Келесі жолғы сайлауда сіздердің де дауыстарыңызды алу үшін жұмыс жасаймыз» дейтін.

Кешегі Экзит-поллдың алдын-ала шешімі бойынша Тоқаев 80%-дан жоғары алыпты. Ресми санақ қорытындысы 1-2 күнде шыға жатар. Десе де осы 80%-дың айналасында болары анық. Өз басым Тоқаевты адам ретінде сыйлаймын. Президент емес, жәй адам болса да сыйлар едім. Білмеймін ішімде сондай бірнәрсе бар. Алдағы 7 жылда елі үшін жұмыс жасайды деп ойлаймын. Дауыс бермегендердің де дауысын алу үшін жанын салып жұмыс жасайтын болар. Бұрында Назарбаев уақытында басымда үнемі шетелге көшіп кетсем ба екен деген ой жүретін. Болашаққа сенбейтінмін. Енді ол ойдан арылдым. Болашағын Тоқаевқа сенемін», – дейді. Белгілі дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлы «Әділет дамудың даңғыл жолы» атты парақшасында толғақты ойын, жаңа сайланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына бағыттаған.

«Отыз жыл секілді жеті жыл да өтеді. Президент артында қандай саяси жүйе, нендей қоғам қалыптастырады, қай деңгейде экономика жасайды, тарихта сонысымен қалады. Алғыс па, қарғыс па, оны уақыт көрсетеді. Билік балансын, заң үстемдігін, сөз бостандығы мен адам құқығын қамтамасыз ететін дұрыс жүйе құра алмаса, әдемі сөздер мемлекеттің ең биік мінберінен айтылып, уәде берілсе де нәтижелі бола бермейді.

Себебі толықтай жүйе жұмыс істемесе, бір адамның бүкіл мемлекеттік мекемені бақылап, қадағалауы мүмкін емес. Нәтижесінде ескілер кетсе де, орнына жаңа жемқорлар мен олигархтар тобы қайта пайда болады. Бұл жол тұстас елдің отыз жылын ұрлаған, мемлекетті тығырыққа тіреген тайғақ жол. Жүйе өзгермесе, уәде етілген «Әділетті Қазақстан» орнамайды. Жаратқан елімізге жарқын болашақ нәсіп етсін!»,– депті. Сайлау өткенге дейін қай кандидатқа дауыс береміз, Тоқаевтан басқа топты жарып, толағай ойларымен көшті бастап кететін көсемді көре алмай тұрмыз деген сайлаушылардың да пікірлерін көзіміз шалып қалған-ды. Соның бірі Ұларбек Нұрғалымұлы Абай хәкімнің бірінші қара сөзімен фейсбуктегі өз парақшасында мынадай жазба жариялаған-ды. Сайлау алдында оқырманды ойландырып тастаған ұзын-ырғасын мынау.

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір біраз сайлау өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі тамыр-таныстық, жемқорлық екенін білдік. Сөйтіп жүріп «Әділетті Қазақстан» деген тұсқа жетіппіз. Ал, енді мына сайлауды қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны біле алмай өзім де қайранмын. Жигулиге дауыс беру? Жоқ, оған сенім жоқ. Жілік сындырамын деген жастар беремін демесе, бізді Құдай сақтасын. Қарақатқа дауыс беру? Жоқ, бере алмаймын. Беретіндер керегінше өздері берер. Енді ғылым-техника дамыған кезде не еңбегін ақталмайтын, не жем-шөп шақ келмейтін екі биенің емшегін созғылап қалған өмірімді қор етер жайым жоқ. Салтанатқа дауыс беру? Жоқ, ән айтып, би билеуге де қосыла кетер апа-әже керек. Білмеген биіңді кімнен сұрарсың, қара жорғаны кімге үйретесің? Жағдайсыз, ғылымсыз мынау уақытта музыканы бақыртып қойып, билей бергеннің несі пайда? Билесер кісі болмаған соң, бидің өзі – бір тез шаршататұғын күйік. Тәуекел қылып, Нұрлан Әуесбаевқа дауыс беру? Жоқ, ол да болмайды. Не Жигулиге тыныштық жоқ, не өзі ештеңе істемейді, Нұрланға не қылған Президенттік? Мейрам Қажыкенге дауыс беру? Жоқ, бере алмаймын. Берер едім, не деп берудің мәнісін білмеймін. Не қылсын деп берем? Қай харекетіне қосылайын? Оның үстіне ана тілінде бір ауыз сөз айта алмайды. Сайлау алды бағдарламасының ішінен ілгері өмірімнің, білімнің пайдасын тыныштықпен көрерлік ештеңе тапқаным жоқ. Сайлаудан соң қайда бар, не қыл дерімді білмей отырмын. Не бол деп берем, оны да көрнек қыла алмадым. Ақыры ойладым: Осы кандидаттардың ішінен Тоқевқа дауыс берейін, ақ қағазға қара сиямен өрнек салайын деп. Кімде-кім ішінен Тоқаевты тапса тұсына (√) осы белгіні қойсын, керегі жоқ десе, өз дауысы өзінікі дедім де ақыры осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір кандидатым жоқ», – деген Ұларбек Нұрғалымұлының сарказмы жебенің оғындай үшкір екен. Халықтың басым бөлігінің Тоқаевқа дауыс беруіне осы салмақты сатира себепкер болуы да бек мүмкін ғой. Сонымен сайлау бітті, жеңімпаз анықталды. Қасым-Жомарт Тоқаев топты жарды. Жарияланған мәліметке сәйкес, президенттік сайлауда Қасым-Жомарт Тоқаев ең көп дауыс жинағаны жарияланды.

«Социс-А» институтының exit poll нәтижесіне сәйкес, Қасым-Жомарт Кемелұлы 82,02% дауыс жинаған.

«Кәсіби әлеуметтік жұмысшылар ұлттық альянсы» ұсынған кандидат Қарақат Әбден – 2,84% , Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы ұсынған кандидат Нұрлан Әуесбаев – 2,38% , «Ауыл» партиясынан түскен кандидат Жигули Дайрабаев – 3,68%, «Аманат» кәсіподақтар бірлестігінен ұсынылған Мейрам Қажыкен – 2,62% , «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынған кандидат Салтанат Тұрсынбекова – 2,24% дауыс жинаса, «барлығына қарсымын» деген бағанды сайлаушылардың – 4,22 пайызы таңдаған. Қазақстан бойынша сайлау учаскелерінің жалпы саны – 10 101. Республика бойынша 86 учаске 06:00-де ашылған.

Шетелдегі қазақстандықтар үшін 53 елде 68 сайлау учаскесі жұмыс істеді.

Сайлаушылардың жалпы саны – 11 950 485 адам.

Сайлауға келу деректері бойынша: Абай облысы – 80,18%, Ақмола облысы – 78,87%, Ақтөбе облысы – 72,81%, Алматы облысы – 72,10%, Атырау облысы – 70,87%, Батыс Қазақстан облысы – 68,67%, Жамбыл облысы – 79,57, Жетісу облысы – 81,42%, Қарағанды облысы – 78,39%, Қостанай облысы – 79,28%, Қызылорда облысы – 81,07%, Маңғыстау облысы – 66,99%, Павлодар облысы – 77,58%, Солтүстік Қазақстан – 79,01%, Түркістан облысы – 80,37, Ұлытау облысы – 75,48%, Шығыс Қазақстан облысы – 79,49%, Астана қаласы – 48,60%, Алматы қаласы – 28,72%, Шымкент қаласы – 59,79%. Жетісу облысы сайлау учаскелеріне келген сайлаушылардың көрсеткіші бойынша 1-ші орында тұр.

Сайлаушылардың жалпы саны – 11 953 465

Қатысқаны 8 299 501

Алдын ала келу 69,43% құрады.

А.БҰЛҒАҚОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Бір сағаттық әке»

«Естімеген елде көп» деген осы ғой. Қарағайдан шайыр, адамнан қайыр кеткен заманда неше түрлі сұмдықты естітін болдық. Тәнін сатып жүрген еркектің де, қыздың да, сорақы әдетінен жерініп, бұл ұлттың сүйегіне түскен таңба деп намыстанып жүргенде, одан да сорақы қылық шықты.

Сонда біздің қазақи тәлім-тәрбие тамырынан үзіліп, талақ болғаны ма? Болмағанда несі қалды. Ойнақтап жүріп от басып туған баласын қоқысқа, әжетханаға, одан қалса тоғыз жолдың торабына тастап кетіп жүрген көкек аналардың қатарына, енді отбасын құрып, тұрмыстың ыстық-суығына шыдамай шарт кетіп ажырасып жатқандардың балалары өз әкелерінен жерініп, «бір сағаттық әке» қызметіне жүгінетін болыпты. Бұл қазақтың қай салтында, қай дәстүрінде бар еді. Бұл жерде бар айыпты ажырасқан әйелдерге ғана теліп қойсақ, күнәһар болармыз. Өз кіндігінен өрбіген балаларына қамқорлық таныта алмаған еркектер, еркек емес, ез дерсің. Дәм-тұздары жараспай ажырасқан екен, балаларына әкелік қамқорлығын неге танытпайды? Алиментін төлеп жүрміз дейтін шығар. Алимент – әке болмайды. Оның өзін төлемей, сот шешімін орындамай, қашып жүргендері қаншама? Алматы облыстық сотының баспасөз өкілдерінің берген мәліметіне жүгінсек, облыс бойынша 2020 жылы – 4140, 2021 жылы – 5634, 2022 жылы тоғыз айда 3791 отбасы ажырасыпты. Енді осы отбасылардың құрығанда бірден, не екі-үштен балалары бары тірі жетім атанып, әкесіз ананың тәрбиесінде өсіп келеді. Сонда қазақтың «әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген тәмсілі қайда қалды? Ол аз десеңіз «әкелі бала жаужүрек, әкесіз бала су жүрек» деп тектен тек айтпаған шығар. Әкесіз ананың тәрбиесінде өскен балалар су жүрек болып келетінін аталы сөздің өзі айғақтап тұр. Өйткені бала нәзік, жасқаншақ болып өседі. Анасына қарап бой түзейді. Тәлім-тәрбие беретін, намысын жанитын, нағыз еркек болып өсуіне дәнекер болатын әке жоқ қасында. Осындайдан кейін балаларының жалтақ, нәзік болып өспеуін қалаған аналар «бір сағаттық әкенің» қызметіне жүгінуге мәжбүр болған шығар. Алайда балаға «бір сағаттық әке» әке болып жарытпайтын шығар. Тіпті, аптасына бір сағаттан келіп тұрғанда, төрт аптада «жал-ған әке» төрт сағат баланың қасында болады екен. Ұдайы сол бір әке ғана келіп тұрса, бала оған бауыр басады дегеннің өзінде, мұның екінші жағы бар. Әлгі «бір сағаттық әке» баланың еркелігін көтере ме, жылапсықтаса жұбата ала ма? Жұбатпай, қорқытып-үркітіп жәбір көрсетіп жүрсе, «құдайдан мүйіз сұраймын деп, құлақтан айырылған ешкінің» күйін кешіп жүрсе қайтеміз? Болмаса әр шақырған сайын бала тәрбиесіне келетін «бір сағаттық әкелер» ауысып тұратын болса, әр адамның мінезі әртүрлі, бірі балалардың ішібауырына кірер, енді бірі суық қабақ танытар, ол қалай болмақ. Бір сағаттық әке қызметіне сұраныс арттырып отырған жалғызбасты ана-лар бұл қызметтің түп-тамырына жете көңіл бөліп отырмаған сияқты. Ұлттың ұлт болып ұйысуы отбасынан басталады. Бала әкесіне, қыз анасына қарап бой түзейді. Солардың тәлім-тәрбиесін алады. «Ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деген тәмсіл сөз, бабалардан қалған өсиет бар. Жесірін қаңғытпай, жетімін жылатпаған қазақ, бала тәрбиесіне аса зор мән берген. Қазір ауылда да, қалада да жастар арасында ажырасу жаңбырдан кейін қаулаған саңырауқұлақтай қаулап барады. Тіпті, бұған тежеу салу мүмкін болмай барады. Сот өкілдері де медиациялық тәсілмен ажырасуға арыз бергендерді татуластырып әлек. Ажырасамын деп шарт қойғандарды бірден ажырата салмай, үш-төрт айға ойлануға мүмкіндік беруде. Алайда Қазақстанда жас отбасылардың ажырасуы жылдан-жылға ұлғайып келе жатқанына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының өзі алаңдаушылық білдірген. Нарықта не қат болса соған сұраныс артатыны анық. Оның айқын көрінісі жалғызбасты әйелдердің «бір сағаттық әке» қызметіне жүгінуі дәлел. Бұл орталықты құрғандардың да түпкі мақсаты пайда табу. Іріктеп, сұрыптап аламыз дейтін шығар. Оған мысал да келтіруге болады. Бала бағуға жалданып жүргендердің сәбилерді қалай нұқып, зекіп, ұрып-соғып жатқаны жайлы бейнежазбалар ғаламтор желісінде қаптап тұр. Бір сағаттық әке де бала бағушылардың кебін киеді. Мұны кәсіп көзіне айналдырып алғандар арнайы агенттік ашып алып, жаһаннамға жар салып отыр. Енді әлем желідегі «Бір сағаттық әке» қызметі жайлы ақпаратқа көз сүзіңіз. «Елімізде ұл тәрбиелеп отырған жалғызбасты әйелдер тарапынан осындай қызмет түріне сұраныс артқан. Олар баласын нағыз ер азамат етіп тәрбиелеу үшін бөтен ер азаматтың көмегіне жүгінеді. Бұл бала психологиясына керісінше теріс әсерін тигізбейді ме?» деген халықтың алаңдаушылығы артқан. Жалғызбасты аналар балаларын нағыз ер азамат жасағысы келсе, балаларының өз әкелеріне жүгінсін. Ойбай ұрады, ішеді, алимент төлемей қашып жүр дейтін шығар. Отбасының бүлінуі бір тараптан болмайды. Оған балалардың анасы да, әкесі де кінәлі. «У ішсең руыңмен» дегендей балалардың өз әкелеріндей, бір сағаттық адамдар әке бола алмайды. Медальдің екі жағы болатыны сияқты мұның да екі жолы бар. Біріншісі агенттік ашып «бір сағаттық әке» қызметін жандандырушылар кәсібін дөңгелетпек, екінші жағы бұл бала психологиясына ауыр соққы болуы бек мүмкін. Бұл жайлы писихологтардың пікірі Астана телеарнасындағы сюжетте айтылды. *«Әлеуметтік желіде «Бір сағатқа әке боламын» деген жазбаны көрсеңіз, таң қалмаңыз. Себебі бұл – жаңа қызмет түрі. Тіпті, мұны кәсіп көзіне айналдырып алғандар арнайы агенттік ашып, оны ғаламторда жарнамалап жүр. Құрамы 2-3 ер адамнан тұратын топ «бала жайлылығы үшін барлығын жасаймыз» – дейді. «Әке» боламын дегендердің біріне телеарна тілшілері хабарласқан. Елімізде әрбір төртінші жанұяның дәм-тұзы жараспай, жолы екіге бөлінеді. Мәселен, жыл басынан бері 48 мыңнан астам жұп ажырасқан. Бұл Ұлттық статистика бюросының мәліметі. Ажырасуға арыз беретіндердің дені – жастар. Әсіресе, үйленгендеріне 1-2 жыл болған ерлі-зайыптылардан түсетін арыз көп. Біз әрине олармен сөйлесеміз. Татуластыруға тырысамыз»,* – дейді Астана қаласы татуласу орталығының психологы Жұлдыз Ахметова. Татуластыруды мақала басында сот жүйесінде медиация арқылы жүзеге асырып жатқанын айтқанбыз. Психологтардың пайымдауынша, жалдаған қызметкерлердің психологиялық саулығына ерекше мән беру керектігін айтады. Егер оны толық зерттеп, зерделемесе бұл бала психологиясына кері әсерін тигізуі мүмкін екенін психологтар да жоққа шығармайды.

«12 жасқа дейін балада психика қалыптасады. Одан кейін міндетті түрде «мен басқа ер адамдардан қолдау алуым керек» деген психикалық бұзылыс пайда болуы мүмкін. Және болашақтағы адамдарға сенбеушілік, өзіне деген сенімсіздік, осындай психикалық құбылыстар пайда болуы мүмкін», – дейді тағы бір психолог Анаргүл Ибрайымбекова.

Жалпы, Қазақстанда 600 мыңнан астам жалғызбасты аналар бар екен. Жағдай осылай жалғаса берсе бір сағаттық әке қызметіне жүгінетіндер де көбейе түседі. Сондықтан мұны дер кезінде тоқтату керек деген қоғам белсенділері де үн қатуда.

«Бұл нәрсеге мен өзім қарсымын. Себебі, біздің атамыз қазақ. Кезінде мұндай жағдайлар орын алған кезде ол баланы сол әулеттің үлкендеріне, болмаса сол әулеттің нағашы жақтарындағы үлкен азаматтарға солардың тәрбиелеуіне берген», – дейді қоғам белсендісі Ғалымжан Керімбек.

Қазақстанда жалғызбасты әйелдер ғана емес, еркектер де көп. Ресми дерек бойынша олардың саны 68 мыңнан асатын көрінеді. Бұл дегеніміз моно-отбасылар көбейіп жатыр деген сөз. «Евразия» телеарнасын-дағы «Көреміз» бағдарламасында айтыскер ақын, Айнұр Тұрсынбаева құрған «Айдың нұры» қоры астаналық төрт баланы жалғыз асырап отырған еркекке осыдан екі-үш жыл бұрын төрт бөлмелі пәтер алып бергенді. Сол азамат әлгі пәтерді ағасының атына жазып, балаларын баяғы пәтер алғанға дейінгі лас валганда қалдырып, өзі басқа бір жас әйелді екі баласымен алып, «Айдың нұры» қордың берген пәтерінде өмір сүріп жатқаны жайлы көрсетілім көрсетті. Әу баста, төрт баланы шешесі тастап әкесі қараса, сыйға пәтер алғаннан кейін төрт баланы өз шешелеріне қалдырып, екінші әйелінің балаларын «төрт балаға» берген пәтерге кіргізіп алған әкенің тасжүректігін көріп жаға ұстағанбыз. Енді жалғыз басты аналар «бір сағаттық әке» қызметіне жүгініп балаларын нағыз азамат етіп өсіреміз деп желпініп жүр. Күлесің бе, жылайсың ба? Бүгінгі қоғамның жастары қай бағытта кетіп барады. Болашақ ұрпақтың тағдырын ойыншыққа айналдырып жатқандарға «Әділетті Қазақстан» құрамыз деген Мемлекет басшысы тежеу салмаса, балалар тағдыры тәлкекке айналып кету қаупі туындап тұр.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 28 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 03.25«Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.45 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10,21.30 Т/х «Жүрегімнің жауһары»
14.10 «Апта»
15.15, 02.20 «Үміт оты» арнайы жоба
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.00, 02.45 «Ашық алаң»
18.50 Футбол
21.30 Футбол
21.50 Футбол
00.00 «Сана» Ток-шоу
01.30 «Өмір көркем»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 «Бір кітап»
10.35 М/с «Мишки-братишки.Снова вместе»
12.00, 20.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Рейд»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Ақ пен қара»
23.00Сериал«Соседи»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Уақыт келді» ток шоу
14.40 «Замуж в 30»
17.10 «Главврач»
17.50 «Кішкентай келін»
19.00 «Громовы»
20.00 «Astana Times»
02.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
11.55 «Участок»
13.00 «Старшая дочь»
14.00, 02.45 Новости
14.15, 02.55 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.55 Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-15»
01.00 «Предел желаний»
05.05 «Той заказ»

КТК

07.05 «Озат отбасы»
07.50 «Тоғжан»
08.40 «Случайных встреч не бывает»
12.20 «Чудо по расписанию»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Цвет страсти»
23.50Х/ф «Наш спецназ»
01.20 «Ищите маму»
02.50 «Тоғжан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Жаңа Қазақстан»
14.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Елге қызмет» /тікелей эфир/
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Күліп ал»
08.00, 05.00 «Ризамын»
09.00, 00.10 Сериал «Невиновный»
10.40 Мультсериал
11.00 Сериал «Бірге бол»
13.00 Кино «Такси-5»
15.20 «Защитник»
17.20 Кино «Бесстрашный»
20.00 «Информбюро
21.00 Х/ф «Васаби»
23.00 Т/х «Зейнеп»
00.00 «Анупама»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00 Сериал «Триггер»
12.30 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 «Жалдамалы
15.00 «Q-елі»
16.00, 00.00 «Фемида видет»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
22.00 «Саған сенемін»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 29 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
11.10 «Көңіл толқыны»
12.00 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Қара таңба»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15, 03.00 «Тіршілік»
15.45 «Бақытсыздар бағы»
17.00 «Ашық алаң»
20.30 «Берекет кілті-бейнет»
20.35 Футбол
20.50 Футбол
23.00 Т/х «Бауырлар»
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 «Одна книга»
10.35 Мультсериал
11.00, 22.00 Т/х «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00Сериал «Соседи»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Ақ пен қара»
23.00 «Соседи-2»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.20 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30«Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.10, 01.10 «Главврач»
17.40 «Кішкентай келін»
19. «Громовы»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
03.20 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 «Участок»
13.05 «Старшая дочь»
14.10, 02.25 Новости
14.20, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-15»
01.00 «Предел желаний»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Озат отбасы»
08.40, 02.20 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
11.20, 23.50 «Наш спецназ»
13.00, 21.40 «Цвет страсти»
15.20, 01.30 «Верни мою любовь»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Жанашыр»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00, 05.00 «Ризамын»
09.00, 00.10 Сериал «Невиновный»
10.40 Мультсериал
11.00 Сериал «Бірге бол»
12.30 Кино «Бесстрашный»
15.20 «Васаби»
17.30 Кино «Ип ман»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Взрывная блондинка»
23.30 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 03.40 «1001 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10 Сериал «Триггер»
12.30 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
14.50, 22.20 «Саған сенемін»
16.00, 00.00 «Фемида видет»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 30 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,01.45 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Қара таңба»
14.10«Қызық екен...»
15.15 «Тұлға»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.00 «Ашық алаң»
20.30, 20.50, 00.30, 00.50 Футбол
23. 00 «Бауырлар»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00«В фокусе»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Мультсериал
11.00, 22.00 Т/х «Ақ пен қара»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Соседи-2»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Ақ пен қара»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.10 «Главврач»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00 «Громовы»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
02.20 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

17.00 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-15»
00.35 «Тень звезды»
02.05 «Паутина»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Озат отбасы»
08.40, 03.20 «Тоғжан»
09.10 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
11.20, 23.50 «Наш спецназ»
13.00, 21.40 «Цвет страсти»
15.20, 01.30 «Верни мою любовь»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00, 05.00 «Ризамын»
09.00, 00.10 Сериал «Невиновный»
10.40 Мультсериал
11.00 Сериал «Бірге бол»
12.30 Кино Взрывная блондинка»
14.50 «ИП ман»
17.30 Кино «Ип ман-2»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Пятый элемент»
23.50 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 03.40 «1001 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10 Сериал «Триггер»
12.30 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Саған сенемін»
16.00, 00.00 «Фемида видет»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

ЖЕТІСУЛЫҚ ҰСТАЗДАР «ҮЗДІК ПЕДАГОГ» АТАНДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Республикалық кезеңнің талабы жоғары болып шығады, басты тапсырма – өзіне мүлдем таныс емес ортаға барып, ашық сабақ өткізу. Алайда білікті ұстаз қай жерде, кімге сабақ беретініне қарамай, ашық сабақты абыроймен өткізіп шығады. Ол Астана Халықаралық университетінің педагогикалық колледжіне барып, 1-ші курс студенттеріне дәріс өткізеді. Қазақ тілі мамандарына Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы тақырыбында 45 минут әңгіме өрбітеді. Министрліктен келген комиссия мүшелері ұстаздың шеберлігіне қарап, таңданыстарын жасырмайды.

– *Басында қорқыныш сезім болды. Менің қолданып жүрген тәсілімді олар қолдана алады ма деген секілді. Бір күн бұрын барып студенттермен танысып, білістік. Оларға жұмыс барысын түсіндіріп өттім. Балалар өте дарынды, ақылды, белсенді екен. Ертеңінде сабақты өзім ойлағаннан да жоғары деңгейде өтті. Менің сабақ бергенім басқа, балалармен жұмыс жасау бір басқа. Қанша керемет дайын болып тұрсам да шәкірт алып кете алмаса, сабағым дұрыс болмас еді. Бұл жерде студенттердің белсенділігі, өз пікірлерін айта білуі ұнады. Мен осы «Ақбілек» романын білімгерлермен 4-ші жыл қатарынан өтіп жүрмін, бірақ, балалар мен айтпаған, естімеген құнды дүниелерді айтты. Студенттердің белсенділігі сабақтың жақсы өтуіне өз үлесін қосты деп ойлаймын,* – дейді жеңімпаз ағынан жарылып.

Айгүл Мақсұтханқызының ұстаздық жолда жүргеніне 21 жылдай уақыт болса да әлі үйренерім көп дейді.

– *Біз болашақ мамандарды дайындап жатырмыз. Бізден шыққан білімгерлер болашақ балаларды тәрбиелейді. Сондықтан колледжде істегеннің талабы мектептен де жоғары. Студент білмей тұрса, ол бізге сын болады. Менің өзім қазақ әдебиеті мен қазақ тілін толық меңгердім деп айта алмаймын. Өйткені жылдан-жылға ақын-жазушылар шығып жатыр. Оның барлығын танып-білу біраз уақытты қажет етеді. Кейде балаларға күліп, өзімде мойындаймын, «балалар мына 21 ғасырдың ақын-жазушыларын кейде менің де білмей қалатын жерім болады. Сондықтан өздеріңізде қосымша дайындалыңыздар, ізденіңіздер деп айтамын».*

Кейіпкеріміздің шаңырақ көтергеніне 22 жыл болыпты. Бүгінде ол білікті ұстаз ғана емес, сондай-ақ, екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған ана, аяулы жар.

Өзі ұстаздық жолды таңдаса да, балалары басқа мамандықты таңдағанын, қарап мұғалім болудың қиындығын түсінетін айтады.

– *Ұлдарым басқа мамандықтарды таңдап, оқуға түсіп кетті. Ал қызыма әрдайым педагог бол деп айтып отырамын, алайда, оның мұғалім болғысы келмейді. Менің түнімен қағаз жазып, жоспар құрып отырғанымды көріп таң қалады. Кейде жаныма келіп, «мама сен неге мына романды оқып отырсың, сен оқушы емес, мұғалімсің ғой» деп айтатын сәті болады. Сонда қызымның сөзіне күліп, тақырыпты студенттеріме түсіндіру үшін өзімнің оқып, танысуым керектігін айтамын. Ал өзімнің отбасымда үйде 5 қызбыз. Олардың барлығы педагог мамандары,* – дейді ол.

Еліміздің ертеңі болар жастарды білімге баулу жолында Айгүл Мақсұтханқызының білім жүйесіне қосып келетін еңбегі зор. Түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, облыстық панорамалық сабақтар байқауы бойынша М.Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасы атты тақырыпта ашық сабақ өткізіп, 1-ші орынды иеленді. Одан кейін «А.Құнанбаевтың 25-ші қара сөзінің тәрбиелік мәні» деген тақырыпта баяндама жазып, ол ең үздік аталып, жинаққа басылып шықты. Облыстық әдістемелік кабинеттің мақтау қағазымен марапатталды. Биыл Цифрлық білім беру ресурстары бағыты бойынша облыстық додаға қатысып, тағы да жүлделі орын алды. Қазақ әдебиеті пәнінен авторлық куәлікке ие болды. Сонымен қатар Жетісу университетінде қазақ әдебиетінен 1 курстарға арналған 23 бейнесабақ түсірді. Ол бейнесюжет бойынша дәрістер ашық-онлайн курсының платформасына жүктелді. Сол арқылы студенттер өздеріне керекті ақпараттарды алып жүр. Мұнан кейін Алматы және Жетісу облысы бойынша 4 мұғалім бірігіп, қазақ әдебиеті пәнінен математикалық бағыт бойынша жұмыс дәптері кітабының авторы атанды. Ол кітапта қазақ әдебиеті пәні бойынша әр тақырыпқа арналған тапсырмалар жасалған. Осылайша білім мен ғылымды алып жүрген ұстаздың білім саласын зерттеудегі ізденістеріне жол ашылды.

– *Ең бірінші мамандықты сүю керек. Яғни, оны қалай жақсы көрсең, алдыңнан шығатын қиыншылықтар мүлде білінбейді. Одан кейін бұл жұмыста шыдамдылық керек. Мен болашақ мамандарды тәрбиелеуім керек деп алдыға мақсат қойған соң оны орындау керек. Үшіншіден, жауапкершілік. Қандай іс болмасын жауапкершілікті сезіне білу керек. Сонда ғана ісің тиянақты атқарылады. Кейде мамандығын жақсы көрмей жәй ғана келе салатын білімгерлер де кездесіп жатады, алайда, олай болмайды. Өмірде екі нәрседен қателеспеу керек деп бекер айтпаған. Біріншісі жар таңдаудан, екіншісі мамандық таңдаудан,* – дейді А.Сүлейменова.

Шынында мұғалім – өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері болуы шарт. Дәл осы қасиеттерді бойына жиған Айгүл Мақсұтханқызы нағыз «Ұстаз» деген атқа лайық жанның бірі.

* * *

«Үздік педагог-2022» атанған, жаңашылдыққа бет бұрған, ұстаздықтың ауыр жүгін арқалауды жүрек қалауымен таңдаған мұғалімнің бірі – Даулен Муталив.

Ол 2001 жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде химия және биология мамандығына түсіп, оны 2005 жылы бітіреді. 2005-2010 жылдар аралығында Ескелді ауданы Титов атындағы орта мектепте биология пәнінің мұғалімі ретінде қызмет атқарады. Ал 2010 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін Талдықорған қаласындағы дарынды балаларға арналған Мұхтар Арын атындағы мамандандырылған №24-ші лицейде жұмыс істеп келеді.

Кейіпкер байқау шарттары мен кезеңдерімен бұрыннан таныс екенін жасырмады. Себебі бұл додаға ол ең алғаш 2014 жылы қатысқан. Ол кездегі байқау шарттары қазіргіден мүлдем басқаша болған. Ең әуелі мұғалімдер портфолио жасап, оны әділ қазылардың алдында қорғапты. Ал қазір барлығы цифрландыру түрінде, мүлдем ерекше форматта ұйымдастырылды.

Кейіпкер өзінің байқауға қатысуына лицей директоры Мәриям Галиеваның тікелей себепші болғанын айтады.

«Лицей директорының қадағалауымен түрлі олимпиадаға балаларды дайындай бастадым, ғылыми жобаларға әзірледім. Солай жетістіктерімді жинап байқауға қатыстым. Өзім де дарынды балаларға арналған лицейде сабақ бергендіктен өзімді жан-жақты дамыттым. Түрлі курстарға қатысып, білмегенімді сұрап, білгенімді үйретуден жалықпадым», – дейді Д. Муталив.

Ол байқаудың республикалық кезеңінде Астана қаласындағы №71-ші лицейде 8-ші сыныпқа сабақ берді. Министрліктен 2 комиссия мүшесінің қатысуымен ашық сабақ өтті.

Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын баланың бойына дарытумен тең. Ата-анадан кейінгі екінші тәрбиені бала мұғалімнен алады. Сол үшінде Даулен ағай оқушыларына ыстық ықыласпен қарайды.

– *Ұстаздың басты міндеті – сапалы білім беру. Осы жолда қалтқысыз еңбек етіп, шығармашылық ізденісте жүрген мұғалім ғана жеңістерге жол бастайды. Мен педагог мәртебесін арттыру жолында тынбай еңбектенетін, нағыз ұстазға тән қасиеттерге ие барша әріптестеріммен мақтанамын»,* – дейді жеңімпаз.

Даулен ұстаздың құдай қосқан қосағы Әйгерім апай да мұғалім. Өмірде, қызметте болсын адалдығынан айнымаған, қандай жетістікке де өзінің еңбегі, білім, қажыр-қайратымен жеткен кейіпкеріміздің өнер, ғылым-білімнің соңына түскен, ізін жалғастырар шәкірттеріне, жалпы өскелең ұрпаққа айтар ақылы да, берер тағылымы да жетерлік. Еселі еңбектің еленбей қалуы мүмкін емес. «Үздік педагог» атанған ұстаздың мұнан да биік шыңдарды бағындырарына сенеміз.

Арайлым НҰРЖАПАР

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

Арқан

..Тұяғы тастың талқанын шығаратын киелі жануарлар алысқа маңып барады. Арқарлар бағыт-бағдарсыз лағып барады.

* * *

Қар жылдағыдан кешігіп түссе де, желтоқсанның ортасына қарай ауыл мен қаланың арасындағы жол тіптен қиындап кетті. Ең далада оппа қарға кіріп кетіп, омалып қалам демесең, «барам» деген жеріне кібіртіктеп болсын жетуге болатын еді. Бұған себеп екі-үш айдан бері төпелетіп қар жауғанымен, алай-түлей ақ боранның соқпауы болатын. Осындай күндердің бірінде Қаратөбедегі Қайрақбайдың қырқынан қайтып келе жатып, ақ матадай көсілген кең далаға қарап, ойға шомып отырған Есет ақсақал:

– Әй, анау не? – деп жолдың қамшы сілтер қапталына қарай саусағын шошайтты. Екі ұлы елең етіп, әкесі нұсқаған жаққа лезде қарай қалысты. Көзіндегі көрінісі көңіліне қона кетпеген соң, ортаншы ұлы Сапар үлкен ағасы Алпамысқа:

– Тоқташы… Тоқтат! – деп бұйыра сөйлегенін аңғара алмай қалды.

– Ей, сонша есіңді алған не ол? – деді Алпамыс жақтырмай. Бауырының бала секілді қылығына қарадай ызасы келді. Жүйіткіп келе жатқан көліктің жылдамдығын бәсеңдетіп, жолдың жиегіне жыбырлап барып тоқтай қалды.

– Арқар… Арқарлар жайылып жүр, – деді Сапар алысқа көз сатып.

– Оттапсың! – Шал ұлының сөзін жақтырмай көліктің есігін ашып, шырт еткізіп түкіріп тастады.

– Әке, мені бала деп пе едіңіз. Әлде, соқыр… Құдайға шүкір көз көреді, – деді ұлы ашуланып.

– Рас, әке. Анау жүрген арқарлар екен – деп Алпамыс та оны қостап қойды.

– Таудың тағысы жазықта жазым болу үшін жүр ме сонда?

Есет сенбегенін сездіріп, ішкі иман таразысының сыртқы көрінісі болған сақалын тарамдады.

– Қолда мылтықтың жоғын қарашы. Нысанаға алып, шетінен қырып салса ғой – Сапар санын соққылады.

– Өй, ақымақ, неңді көкіп отырсың, – деген ақсақал екі ұлының есерлігіне күйініп кетті. – Сендерде обал-сауап деген нәрсе бар ма, жоқ па? Олар ақпанның суығына қарай жазыққа түседі, тиіспеңдер түге… Бала кезімде іргедегі полигонның кесірінен арқарлардың дүрк көтеріліп, үдере көшкенін үлкендер зар қақсап отыратын… Оралыпты ғой, қайран жануар…

– Табаныннан тозып таудан іздегенше, расымен де жазықта қуалап жүріп атып алса, артығы жоқ. Алпамыс інісін қолдаған болып өзінше қиялдады. Есет балаларының иен даладағы аңдарға деген қатыгездігін түсіне алмай:

– О, сорлы көкми, көкімей Ортабұлаққа тарт. Намазым қаза болатын болды, – деді де, үйге жеткенше томсарып отырып алды. Ұлдары одан әрмен қырсық шалды қажағысы келмеді ме, әлде өз ойымен өздері болып кетті ме, әкесі тиып тастаған соң тіл күрмеді. Арқарлар тауда қар қалың түсіп, жұғын боларлық қылтанақ таппағанда жазықта жайылатын еді. Шалдың ұлдарына меңзегені де сол еді…

Есет бозбала шағынан әке жолын қуып аңшы болып өсті. Ол кезде аң-құс дегендерің өріп жүретін. Ең даланың сәні де солар еді-ау. Қайбір еріккен, жын қуып желіккеннен аңға құмар болып өсті дейсің, «ата кәсібің – аңшылық» деп әкесі үйреткен соң осы жолға түсті. Алып империяның аспандаған дәуірінде бұның қатарластары қызмет қуып шаһарға тартқанда, бұл Ортабұлақ пен Аспантаудың арасындағы аңды қуып ауылда қала берді. Жалғыз ұлдың қара шаңырағында қарайып қалғанын әкесі өзіне үлкен медет тұтты. Жігіттік шағына тұсау салынып, өзі бір үй болғаннан соң ауылдың сиырын бақты. Қолы боста қансонарда қапы қалмай жыра-жықпылдардың арасынан қоян мен қарсақ қағып, қасқыр шолып, түлкі мен борсық сүзетін. Иен даланың тағыларына тісі батпай ауылдың маңындағы тоқты-торпаққа тарпа бас салатын бірді-екілі қасқыр мұның оғына ілінетін. Ал сосын барып ауылда гу-гу әңгіме көтеріліп, аудан мен облыс орталығына аңшы Есеттің атағы жайылатын…

Солай да солай өмір өтіп, жастықтың қызуы қайта бастағанда ұлдары да ержетті. Оларды да осы өнеріне баулыған. Алпамыс пен Сапар әкелеріндей ерекше аңкөс болып өсті. Бірақ ерте жастан түлкіні төртеуімен, борсықты бесеуімен атып алуға құмар болды. Есейгендерінде Есет ақсақал талай ескерткен. Тиылуды қойып, кейінгі кезде мылтық атуға құмар әлденеше адамның басын құрап аңшылықты кәдімгі ақша көзі кәсіпке айналдырды. Әлгі қала мен аудан орталығынан келетіндерге тек ермек керек, өтірік бұрқылдатып аң атқаны болмаса, аңшылықтың не екенін білмейтін, қайран даланың қарайған аңына қырғидай шүйілетін қатыгез жандар еді. Сол істерін көргенде Есет те іш жиып, біртүрлі жүрегі жылымайтын болып алды. Ерекше екі көзқарастың кесірінен әке мен баланың арасында да айтып бітпейтін талас-тартыс басталып кетті.

Арқарлар хақында әңгіме шыққанда да, ұлдары мен оларға үйірсектеп жүретін жолдастарының қатыгездікке ұштасқан мінезін бек жақсы білетін шал байыз таппады. Түйсігі әлде бір жамандықты сезіп, ауылға тақап қалған мезетте «қатігездіктеріңді қашан қоясыңдар» деп басталатын әңгімесін жалғап, ұлдарына тағы да ақырып алды.

…«Намазымнан кешіктірдіңдер» деп өкпелеп отырған Есет қария көлік тоқтай салысымен жылдам түсіп, үйіне кіріп құмғанын алып қайта шықты. Әкесінің тыйып тастаған сәтінен соң тілге келген Сапар:

– Кеттік пе? – деді ағасына алара қарап.

– Қайда? – деді Алпамыс.

– Қуырдақ жеуге, – деді мынау еліріп.

– Қуырдақты ауыз-мұрыныңа толтырып тоярсың. Бірақ қып-қызыл ақшаға батудың орайы туып тұр. Сен мылтықты даярла, мен Есілге хабарласып алайын. Қаладан анау-мынау мылтық ата алатын, ақшалы мықтыларды алып келсін. Сосын сәті келсе терісін, мүйізін, қалса етін сатып ақшаға батамыз.

– Жақсы. Келістік. Бірақ әлгілеріңе айт, ана жолы қасқыр аулағандағыдай айналшықтап жүріп алмай тез келсін. Далада байлаулы тұрған арқар жоқ. Әйтпесе өзім қазір кете беремін.

– Жоға. Айтсам болды. Қазір жетеді. Бар-жоғы жүз елу шақырым емес пе? – деген Алпамыс тісінің арасынан сыздықтата түкірді де, қалта телефонына жармасты.

* * *

Ортабұлақтың маңындағы жайылымды қыстың ортасына қарай қалтыру ауыл тұрғындарының жылдағы әдеті. Биыл қар қалың түскендіктен мал қолға қарап қалды да, ауыл маңына жақын бес-алты шақырым жердің шөбі қалың-тұғын. Есеттің өз көзіне сене алмай қадалғаны, екі ұлы Алпамыс пен Сапардың көргендері шын болатын. Бұл былтырғы жылы Тарбағатай тауларынан асып, Қалбаның сілемін жайлап, Ақжал тауынан ауып келіп, Ортабұлақ ауылының иек артпа тұсындағы төбешікте жайылып жүрген отыз қаралы арқар үйірі еді.

Арасында үлкен иір-иір мүйізі бар құлжа ерекше шалынады. Аңшылардың тікұшағынан үркіп, тұяғы тасқа қажалып қанша құғын көрсе де құлжа өте күйлі еді. Бауыр жүні ақшылданып, желкесіндегі сарғыш жүні сом алтындай күнге шағылысып ерекше рең береді. Одан бөлек біренсаран қозықасы мен оншақты саулығы, үш-төрт бас құлжалар да алшын шөптен бас алмай отығып жүр. Бір топ қозықа өте самарқау ғана қимылға еніп, жұдырықтай тұяғымен жер тарпып азығын қасат қардан аршиды. Саулықтар мен құлжалар қозықаларға қарағанда өте сақ, айналасына алаңжұлақ көз тастап шалт қимылдайды. Иен далада сақтық ойлау арқарлардың қанына сіңген қасиеті болса да, бұл олардың иен түзде жолығатын жыртқыш аңдар мен ит-құстардан емес, екі аяқтылардың қанішерлігінен әдбен ығыр болған кезі еді.

…Өткен қыс жайлы болып, тау басында жүзден астам арқардың үйірі

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

өріп жүргенінде, қайдан шыққаны беймағлұм, жерден де, көктен де екі аяқтылардың тұтқиылдан жасаған шабуылы басталды да кетті. Арқарлар мен үйірді бастап жүрген құлжалар атқан оғы деп тиіп жалманынан түсіретін тіқұшақтан бөлек, көзді ашып-жұмғанша қасыңа лезде жетіп келіп, зәре-құтыңды қашыратын мотошаналардың қуғынынан қатты титықтады. Қырғыннан аман қалып, екіге бөлінген арқарлардың бір тобы Тарбағатай тауларын тастап бет-бетімен маңып, бір тобы жаққа жылыстап кетті.

Ақжал тауларына көктемге қарай келіп жетсе де, арқарлар еш тыныштық таба алған жоқ. Арасында кейбір саулықтар іш тастап кетті. Бұлардың мазасын алған таудан кен іздеп, алтын қазып жатқан адамдар мен олардың қымқиғаш тоқтаусыз ағылатын көліктері, тау-тастың талқанын шығарып, күндіз-түні үздіксіз дүрс-дүрс атылып жататын динамиттердің дауысы еді. Жаз бойы осыдан он-жиырма жыл бұрын малы жыртылып-айырылатын, жайлауларын адамдар жайлаған Ақжайлау мен Сандықтастың маңын мекен етіп жүрген-ді. Онда да оқ атып, жусатып салатын аңшылар кезікпеді демесең, жаздың ортасынан бастап, шабындыққа шөп шабуға келген адамдардың тырқылдақ тракторларынан үркіп байыз таппады. Күзге қарай екі аяқтылардың қыбыр-жыбыры тиылса да жаз бойы тұрақтаған жайылымның құты қашып, оты қайтқан еді. Оның үстіне қар қалың түскеннен кейін бүгін ауылға қарай еркін жайылған… Арқарлардың таудың етегінен бөлек жазыққа қарай жайылуы шарасыздықтан туған амал болатын.

Таң бозында таудың етегінен құлдап келе жатқан арқарлардың тұяқ дүбірінен қасқырлары қорғасын оқтан ажал тауып, қарайған аңдары баяғы да таусылып біткен дархан дала арқарлармен көркі кіріп, көсіліп жатты. Жетімсіреген меңіреу далаға жан кіргендей түлеп, өзгеше кейіпке еніп, күре тамыры қайта соққан көрініс елес теткендей еді…

* * *

Қаладан келген Есілді күтіп алғаннан кейін Алпамыстар үш машина болып түс кезінде көздеріне арқарлар шалынған шағылға қарай өте жылдам аттанып кетті. Алпамыс пен Есіл екеуі «УАЗ»-ға отырды да, Сапар Есілмен бірге қаладан еріп келген Алмас дейтін аңшы қонақты қасына алып өзінің «Нивасына» мінді. Одан бөлек қалада тұратын егде жастардағы кәсіпкер өзінің ұлымен бірге «Джипке» жайғасты. Өзінің есімі – Әли, ұлының аты – Саят екен. Қолына алғандары көздеп ататын тұғыры бар винтовка. Сапар бастаған аңшы жігіттер екеуінің мылтықтарына қатты қызықса да, өздерінің ауыл арасында ұстайтын қаруларына жүгінді. Сапар өзімен бірге алғаш рет алдыңғы жылы өз қолымен ықшамдап кесіп, қолына ыңғайлы етіп жасап алған «обрезін» алды.

Жиналған топ таудың етегіне таққанда алты қырдың астынан бөгде иісті сезетін, өте сақ түз тағылары жақын маңда тұрған төбешікке қарай жорта жөнелді. Бетке алған бағыты – тау. Әлидің тізгіндеген көлігі ең алдымен тоқтай қалды. Басқалары да ақшаңқан далаға тыныштық орнатып, көліктерін өшірді.

Әли тұтатып алған темекісінің түтінін мұрынынан сыздықтата шығарып тұрғанында маңайына барлығы да жиналып болған-тұғын. Бұл аңшылықтың алдындағы ақылдасу шарасы еді.

– Арасында жүрген құлжаларын ғана атып аламыз ба? – деп Әли сөз бастады.

– Жоға, бәрін де қырып салайық – деп Сапар бірден ыршып түсті.

– Бір-екі айдан кейін саулықтары төлдейтін мезгіл. Обал дағы, – деді Алмас. Есіл де үнсіз қала алмады. Оның үстіне қала жақтан ере келген адамдардың ездік танытып тұрғаны ашуын арттырған еді.

– Сапар дұрыс айтады. Бекінген екенбіз, бір байламға келейік. Әлеке, қалада сіздің достарыңыз арқардың етін қалай жақсы көретінін өзіңіз де жақсы білесіз. Соларға сатып, біз де сіздей көлік мініп жүргіміз келеді, – деп Есіл бар ойындағысын әзілге сүйей салды.

– Көп созудың қажеті шамалы. Қазір Әли мен Саят екеуі арқарлардың басын етекке қарай қайырады. Біз оларды төменде тұқыртып, жазықта жайратып саламыз, – деп шорт кесті де, көлігіне қарай кете барды.

Әли мен Саят отырған түйе тұлғалы автокөлік Есіл мен Сапардың ұйғарғанындай арқарлардың үйірін етекке түсіруге барын салды. Ең алғашқы оқты шолақ мылтығымен Сапар шығарса да, атқаны мүлт кетті. Оның нысанаға алғаны шаңырақ мүйіз құлжа болатын. Сапар неше мәрте әуреленіп көрсе де, үйірді бастап жүрген құлжаны құлата алмады. Құлжа жарықтық серіппедей атылып, басқа да әккі аңшыларды қапыда қалдыруын тоқтатпады. Сапар мылтығынан секем алып, жүні сарғыштанып, енді-енді жетіліп келе жатқан қозықаларды көздегенінде ұшқан оғы шатаспай дөп тиіп, енесінің соңынан жүгірген сорлы жануарлар жер сүзіп құлай берді. Осылайша талайдан бері мылтық дауысын естімей, еркіндікте өмір кешкен арқарларға зауал төніп, қанды қасап басталды да кетті…

Темір көліктен үркіп, таудан төмен құлдилап келе жатқанда алға түсіп кеткен екі-үш саулық пен бір құлжа кенеттен құлап түсті. Тауға қарай сытылып кетуді ойлаған шаңырақ мүйізді құлжа, ол ойынан тез тайқыды. Артында да темір қарулылардан күшті зәбір көрген бір қозықа мен тағы да үш-төрт жасар құлжа омақаса құлап, серейіп жата қалды. Сосын айналасына апалақтап тұрды да, үйірдегі бірен-саран қозықа мен саулықты құрбан етті де, керім даланы бағдар етіп жүйтки жөнелді. Арқарлардың бойына шақ келетін қараған арасына кіргенде оққа түсіп, құлап жатқандардың саны аздап сирей бастады. Себебі арттағы қуғыншылар тура жүре алмай, қарағанды айналып өтіп, әуреге түсті. Сонан соң топ қараған арасынан шыққанда бұған қарата тағы бір мәрте оқ атылды. Құлағының тұсынан зулап өткендей болды. Шаңырақ мүйізін шайқап-шайқап алып, тағы да шабысын үдете желе берді.

Қуғын көрген арқарлар түн қата түсіп жүретін ши арасындағы бұлақ басына жақындағанда аңшылардың оғы мүлде сап тиылды. Бұл кезде олардың ішіндегі Есіл мен Алпамыс мінген көлік ықтасынға түскен оппа қарға кіріп кетіп шыға алмай, көліктерін арлы-берлі ырғап жатқан-ды. Әли мен ұлы екеуі де батып қалмаса да, мінген көліктерінің дөңгелегі қалың шидің түбіріне соғылып, қисаңдап келе жатып арқарлардан мүлде көз жазып қалды. Бәрінен қулығын асырған тағы да Сапар болды. Бағана бір әредікте Алмасты рульге отырғыза қойды да, аңшылықтың қызығына белшеден батып отырғанында, әлгілердің аялдағанын аңғарды да, алыстан орағытып, қалың шиді айналып өту керектігін Алмасқа айғайлап айта бастады. Бір қалқаға көлікті тоқтатып, ағасына, содан кейін Әлидің қалта телефонына хабарласып, жарты үйірі аман қалған арқарларды қайтадан келген жағына, жазыққа қарай қуалау керектігін ескертті. Тауға жақындаған сайын арқарлардың еркіндікті сезініп, құтылып кетуі ықтимал-тұғын. Әли мен Есілдер жеткенше Сапар бұлақ басында екпінін баса аламай ентігіп тұрған бір құлжаны қақ басқа көздеп атып қалды. Шаңырақ мүйіз құлжаны атамын деп ойлаған. Бірақ ол қалың ши арасында тұрған әлдебір кексе саулықтың қасында басбағып тұра қалыпты.

Сәлден кейін қанды қуғын қайта жалғасты. Үш көліктің біреуі Алмас пен Сапар мінген «Нива» тау жаққа шығатын жолды жауып қиғаштай салды. Артқы жақтан тап әлгіндегідей «Джип» пен «УАЗ» қосанжарласып жүріп отырды. Осы мезетте жалғыз ғана құлжасы қалған арқарлардың үйірі топ қарағанға қарай емес, ауылды бетке алып қаша бастады. Бұл шаңырақ мүйізді құлжаның екі қозықа мен үш саулықты аман алып қалу қамы үшін жасаған соңғы айласы еді. Тура тартып бара жатқан аңшылардың көлігі бұрылып үлгергенше, арқарлардың үйірі талай жерге ұзап үлгерді.

Жиырма шақты ғана үй қалған Ортабұлақ ауылының батысынан арқарлардың үйірі алқын-жұлқын кіріп келгенде, ауылдың шетінде сырғанақ теуіп жүрген бір топ бала ит көрген ешкідей меңірейіп тұрып қалды. Алғашқы болып тілге келген, жасы кіші біреуі:

– Қойды қараңдар – деді аң-таң болып. Орта жастағы біреуі:

– Қайдағы қой. Бұл даланың ешкісі – деп шат-шадыман болып, тамсанып алды. Топ баланың ішінде жүрген ересектеуі:

– Мынау арқар ғой. Көкемдер соны атуға кеткен, – деп созылып бара жатқан сөз тартысын доғарып тастады.

Бұл мезетте есігінің алдында байлаулы тұрған атқа жайдақ міне салған Есет ауыл ішіне келіп жеткен қуғыншы көліктердің алдынан шауып шықты.

– Тоқтат, тоқтатыңдар, түге! – деп келіп, көліктен шығып басын төмен салып тұрған Алпамыс пен Есілді қамшымен жалғыз рет тартып барып, атынан секіріп түсті. Көлігінде күмілжіп отырған Әли мен ұлы екеуі сексенге жасы таяп қалған қарияның қайратына таңырқап, көліктерінде құлықсыз отыра берді.

– Ей, малғұн, бұларың не? Мен не деп айттым сендерге? Жайылым іздеп түскен аңдарды неге атасыңдар, төлдейтін уағы да жақын қалды. Өй, сендерді де біреу адам дейді-ау. Өңшең ақшаға құныққан арамтамақтар. Енді ауылды шулатып оқ атуға келдіңдер ме?! Қайтыңдар жөндеріңе! – деп ішіндегі бар ашуын төгіп-төгіп алған қария атын жетекке алып үйіне қарай аяңдап бара жатты…

* * *

Сол күні кешке жақын ақпанның бораны ақ бурадай жынданып, атқа мінді дерсің. Ел мен жерді көрсетпей апталап соғып, тұрып алды. Бір жетіден кейін Алпамыспен қосып, ана жолы арқарлардың ауылға кірген сәтінде анда-мұнда тығулы жатқан мылтықтарын ала жүгірген адамдардың бес-алтауын қаладан келген тәртіп сақшылары тергеуге алып кетті. Айыппұл төлеп, мылтықтарын өткізіп басын аман алып шыққандары ауылда тірлігін қайта жалғап, тұрып жатты. Сол жолғы тергеуде «Біздің жоғарыда таныс-сымыз бар» деп кеудесін соғатын Есіл мен Әлиді де сүмпиткен көрінеді.

Қаладан келген күні Есет үлкен ұлы Алпамысты шақырып алып жерден алып, жерге салды дерсің. Арқарлардың қуғыны басталып кеткенде едіреңдеп елдің басында жүрген Сапардан сол бетінде хабар-ошар болмады. Бауырынан қалай көз жазып қалғаны Алпамыстың нақты есінде қалмапты. Қанды қырғын басталған кезде «Нива» көлігі олай бір, бұлай бір ойқастап жүрген, содан ізім-қайым жоғалды.

Қанды қасаптың қызған шағында ойда жоқта көз ұшындағы арқарлар ауылға қарай жалт бергенде көлік тізгіндеген Алмастың абдырап қалғаны рас-ты. Сапардың сөзіне иланып арқарларды ауылға кіргізбей қағып түсіруді мақсат етіп, алға озған Алпамыс пен Әлидің көліктерін сырт айналып ұша жөнелген. Жылдамдықтарын да үдетіп, қатты жүрді. Сапардың ойынша арқарларға істеген мына ісін әкесінің сезбегені ләзім. Көрді екен, онда құрығаны… Есет ақсақалдың мінезіне қанық ұлының шұғыл шешімі болатын бұл. Ақпанның қысқа күні шолтиып, бітуге шақ қалған бейуақыт мезгіл еді. Айтарын айтып алғаннан кейін Сапар еш сөзге келмеді. Алмас та ерінін жыбырлатпай, үнсіз отыра берді. Барған сайын көліктің жылдамғы үдеген үстіне үстемеленіп бара жатқанында, осы маңның ой-шұңқырын бес саусағындай білетін Сапар селт етіп есін жиып үлгергені сол еді. Екеуінің де көз алдары жарқ етті де, артынша қап-қара түнекке айналып кетті.

Атқан оғы деп тиеді демесең, Алмас көлікті жетік жүргізбейтін. Сол кемшілігінің кесірінен қарсы алдындағы жыраны көрмей қапыда кетті. Әккі жүргізуші отырған болса, ең болмағанда жылдамдықты бәсеңдетіп, жан таласар еді.

Сапар мен Алмас мінген автокөлік осыдан бірнеше жыл бұрын аудан шенеуніктері ауылға су жеткіземіз деп қазып қойған жыраға бар жылдамдығымен ұшып келіп, құлап түскен еді. Сай-саланың сырын білетін Сапар ауылдың айналма тұсында әлдебір жыраның барын бұрыннан білетін. Бірақ жаңа ғана сонысын Алмасқа айта алмай, тіпті сол ісіне өкініп те үлгере алмады.

«Нива» автокөлігі жыраға құлап түскен мезетте Сапардың қолына сығымдап ұстап отырған шолақ мылтықтың ұңғысы ең алдымен иегін соғып, шүріппені басуға әзір тұрған бас бармағы болымсыз ғана қимылға келді. Әкесіне еліктеп емес, сән үшін қойған сақалының төменгі жағынан тиген оқ қара қошқыл қан араласқан миын көлік ішіне шашып жіберді. Бұл кезде денесі орындық пен көлік рулінің арасына жаншылып Алмас та жан тәсілім еткенді. Есет ақсақал олардың сүйегі сүрі қардың сәл ғана еруге бет алып, шөге бастаған мезгілінде табыларын сезбеді. Кінә артып, «шіріген жұмыртқа» десе де, Сапарды күтіп сарылып отыратын.

* * *

…Тұяғы тастың талқанын шығаратын киелі жануарлар алысқа маңып барады. Бағыт-бағдарсыз лағып барады.

Қуат ҚИҚЫМБАЙ

qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЮБИЛЕЙ

СОЗИДАТЕЛЬ, УЧЕНЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

КАЖДЫЙ ИЗ НАС ЗНАЕТ И ПРАКТИЧЕСКИ ОСОЗНАЕТ, ЧТО ВРЕМЯ И ЖИЗНЬ СКОРОТЕЧНЫ И НИЧТО НЕ МОЖЕТ ОСТАНОВИТЬ ЭТОТ ПРОЦЕСС. В ТОЖЕ ВРЕМЯ МЫ ПОНИМАЕМ, ЧТО ЖИЗНЬ ДАНА НАМ ДЛЯ ТОГО, ЧТОБЫ КАЖДЫЙ ИЗ НАС МОГ ОСТАВИТЬ СВОЙ ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЙ СЛЕД НА БРЕННОЙ ЗЕМЛЕ. НО ЗНАНИЕ ЭТОГО НЕ ПРЕДПОЛАГАЕТ, ЧТО ЭТО ОБЯЗАТЕЛЬНО ИСПОЛНИТСЯ. ИМЕННО ПОЭТОМУ БОЛЬШИНСТВО ЛЮДЕЙ ЖИВУТ ПО ИНЕРЦИИ И ТОЛЬКО ДЛЯ СЕБЯ И СВОЕЙ СЕМЬИ, ОНИ ДО КОНЦА НЕ ОСОЗНАЮТ, ЧТО ЕЩЕ НУЖНО ЖИТЬ И СОЗИДАТЬ ДЛЯ ВСЕГО ОБЩЕСТВА, ТО ЕСТЬ ДЛЯ СВОЕГО НАРОДА И ГОСУДАРСТВА, В КОТОРОМ ОНИ ЖИВУТ. ПОНИМАЮЩИХ ЭТО ЕДИНИЦЫ И К ИХ ЧИСЛУ, НЕСОМНЕННО, ОТНОСИТСЯ МОЙ СТАРШИЙ БРАТ – ЖАЛАИРИ ӨМІРӘЛІ ШАКАРАПҰЛЫ.

Легко и одновременно трудно писать о человеке, которого с полным основанием можно охарактеризовать лишь одним словом – Созидатель!

Легко потому, что он сеет вокруг себя только добро и он не ждет подобного ответа от окружающих. Легко потому, что он за свою жизнь сделал для людей и всего общества много хорошего, о чем окружающие вспоминают до сих пор. Легко потому, что писать о таких людях, вспоминать и говорить о них всегда радостно и приятно.

Трудно потому, что невозможно определить степень важности и необходимости для окружающих того или иного его деяния. Трудно потому, что любой созидатель оставляет после себя много хорошего, доброго и значительного, что ты не знаешь какое из его дел было наиболее значимо для него. Трудно потому, что близкие и родные такого созидателя хотят к его юбилею сказать что-то свое, о чем знают и помнят только они, но ты не хотел бы повторений их мыслей и слов.

Известно, что созидателями рождаются генетически и эта особенность человека передается не всем его потомкам. Для людей, подобных Омекең, созидание является не процессом, это их образ жизни, это их призвание, без чего они не могут существовать. Доброта, благородство, чуткость и сопереживание боли и страданий других, желание хоть в чем-то помочь им довлеют над такими людьми. Омекең всегда мягок и доброжелателен в общении с окружающими и я никогда не видел его раздраженным или злым. Именно поэтому все к нему тянутся, а он никому не отказывает в сочувствии, но чаще всего оказывает им конкретную помощь.

С Омекең мы одноплеменники–земляки, с ним и его семьей общаюсь более полувека. Когда познакомился с ним я был студентом медицинского института, он – аспирантам КазГУ. Он и я жили в общежитии, но он был старше и у него рядом находились любимая жена и соратница Кашипа и маленькие дети, поэтому уже в то время он стал одним из моих учителей по жизни. В моей памяти осталось много приятных и хороших воспоминаний о нем лично, его большой и дружной семье, где он является мудрым аксакалом, тогда как всеми конкретными семейными делами заправляет энергичная и всеобъемлющая Кашипа Рахимбековна.

Ввиду того, что воспоминаний множество и невозможно охватить все, остановлюсь лишь на 2 основных: создании и функционировании Академии и деятельности фонда имени Кадыргалибек Косымулы Жалаири.

Известно, что в Казахстане в настоящее время работает более 100 частных высших и средних специальных учебных заведений, но в памяти людей остаются только первые из них, то есть первопроходцы. Все мы вышли из СССР и у нас не было частных учебных заведений, поэтому частный вуз или техникум для нас являлись непонятным явлением, так как за годы советской власти народ привык к бесплатному образованию и медицине и принимал это как должное. С обретением независимости перед страной встал вопрос – куда и как двигаться, в том числе в системе образования и науки.

Өмірәлі Шакарапұлы тогда работал на юридическом факультете КазГУ и он одним из первых понял, что жизнь дает ему шанс пойти собственным путем, а именно – создать с нуля свой вуз. Но для этого необходимы – собственное здание, подготовленные кадры, учебные материалы, оборудование, техника и многое другое. Для начала он приобрел небольшое здание бывшего детского сада, которое постепенно превратил в юридический университет. Это было около 30 лет назад. Сейчас мы видим, что на месте этого детского сада построены и функционируют два больших 12-этажных корпуса. Ввиду требований министерства образования и науки университет то расширялся, то сужался и на сегодняшний день является юридической Академией имени Д.А.Кунаева. О присвоении Академии имени Д.Кунаева следует сказать особо.

Известно, что 16 декабря 1986 года по решению генерального секретаря ЦК КПСС Горбачева М.С. его сместили с должности первого секретаря ЦК Компартии Казахстана. Новым первым секретарем стал ставленник Кремля Г.В.Колбин. В результате, 17-18 декабря в г.Алматы произошли кровавые события, так называемый Желтоксан. После этого имя Д.А.Кунаева было предано забвению, а он стал «нерукопожатным» и люди стали бояться общаться с ним. Но мой брат Өмірәлі показал себя героем, а именно – лично обратился к гонимому Динмухамеду Ахмедовичу и попросил его согласия на присвоение его имени университету. И с тех пор, как бы не менялось наименование вуза, имя Д.А.Кунаева сохранялось, то есть несмотря на все преграды и нападки на Өмірәлі Шакарапұлы он оставался непреклонным, то есть еще при жизни Д.А.Кунаева сохранил его имя для народа Казахстана. Сейчас легко говорить об этом, когда сменился первый президент Казахстана и имя Д.А.Кунаева стало возвращаться казахстанцам. Этому подтверждение – переименование г. Капшагай в г. Қонаев, который станет центром Алматинской области. А в тот период сохранять для людей его имя было опасно, поэтому нужно было обладать смелостью и мужеством,что наделе доказано Омекең. Знаменательно и знаково, что новые корпуса Академии являются 12-этажными, это сделано в знак того, что Д.А.Кунаев родился 12 января 1912 года.

Өмірәлі Шакарапұлы проявил себя не только как организатор частного высшего и среднего специального образования в стране, но и как большой ученый-юрист. Им подготовлены доктора и кандидаты наук, то есть создана научная школа Жалаири. Под его руководством успешно защищены 5 докторских и более 70 кандидатских диссертаций.

Особо следует сказать о фонде имени Кадыргали Жалаири, который создан 21 год назад. Помнится, что я был в числе учредителей этого фонда,а в последние годы являюсь заместителем Омекең в этом общественном фонде. В тот период времени многие не понимали зачем необходимо возвращать народу имя Кадыргали Косымулы, являвшегося одним из первых казахов, написавших более 400 лет назад шежире, то есть фактически историю нашего народа.

Первым делом Өмірәлі Шакарапұлы посетил в Рязанской области город Касимов, где покоится прах одного из величайших сыновей казахов. Там, с участием дипломата Сайлау Батыршаулы, был дана с и земля с могилы Кадыргали Жалаири привезена на казахстанскую землю. Фонд начал успешно функционировать и за прошедший период под его эгидой совершено многожество благородных дел как в г. Алматы, так и в Алматинской области, особенно в г. Талдыкоргане.

Сам Кадыргали Косымулы говорит о том, что он происходит из ведущего племени казахов – жалаиров, которые исторически являются одним из древнейших племен тюркского народа. Сейчас многие связывают имя Жалаири с именем Шынгысхана и его соратником Мукали, которых многие историки мира ошибочно называют монголами. На самом деле это не так, ведь много столетий назад нашу историю фальцифицировали ученые имперской России и имперского Китая. Но благодаря многочисленным усилиям Өмірәлі Шакарапұлы казахстанцы узнают, что жалаиры являются не монгольским племенем, а тюркским. Соответственно этому и Кадыргали Жалаири, и Мукали, и сам Шынгысхан и его предки имеют тюркское происхождение.

Однако для доказательства этого необходим опровести множество научных исследований по материалам архивов, древнейшей литературы, данных археологии и этнографии Китая, Персии, России, Сирии и других стран. Но, к сожалению, сделать это пока затруднительно. Поэтому «караван», заложенный Омекең и его братом Наурызом Кылышбаевым, будет продолжать двигаться благодаря плеяде новых исследователей. Среди них следует отметить Мажита Акбара, писателя и историка Китая, с которым Өмірәлі Шакарапұлы наладил тесные контакты. Также важно отметить что еще в 2018 году делегация Алматинской области побывала в Китае, где в провинции Шаньси недалеко от г. Юйлинь расположен мемориальный комплекс Мукали-гована (гоуана), что в переводе означает: Мукали – повелитель Китая. Земля с захоронения величайшего сына казахов привезена в Казахстан и помещена в капсулу, находящегося в памятнике К. Жалаири в г. Талдыкоргане. Организатором экспедиции в Китай явился фонд им. К.Жалаири и акимат Алматинской области.

Несомненно, заслуги Өмірәлі Шакарапұлы перед жалаирами велики, поэтому наш аксакал Еркимбеков Жексенбек бывший министром культуры Казахской ССР более десяти лет, а также собрание единоплеменников Омекең единогласно одобрило изменение его фамилии с Копабаева на Жалаири. Тем самым все мы признали, что Өмірәлі Шакарапұлы достойно продолжает дело Кадырали Косымулы и проблемы жалаиров для него являются первостепенными.

Однако следует отметить, что изучение трудов К.Жалаири и других ученых-тюрков важно для всех казахов, а не только для жалаиров. Ведь такие исторические личности должны не разъединять и так малочисленный по историческим меркам казахов, а объединять их в единую и сплоченную нацию. Всем нам известно, что только в нашем единстве сила и благополучие казахского народа как сегодня, так и в будущем. Но для этого нашим историкам необходимо через описание трудов и деяний многих выдающихся сыновей и дочерей казахов доказать всему миру, что казахи имеют великую историю в прошлом и они внесли существенный вклад в развитие всей мировой цивилизации.

Мы надеемся, что после своего восьмидесятилетия Омекең продолжит активную работу в интересах нашего фонда и сумеет вписать новые страницы в историю как своего племени, так и всего Казахстана. Тем более, Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелевич Токаев активно взялся за создание нового и справедливого Казахстана и мы желаем претворения в жизнь его планов. А такие ученые и общественные деятели как Өмірәлі Шакарапұлы внесут определенную лепту в дальнейшее реформирование страны на новых принципах.

Здоровья и благополучия Вам и Вашим близким! Живите долго и красиво во благо всех казахстанцев!

Ерасыл АБЫЛКАСЫМОВ,
доктор медицинских наук, профессор,
председатель совета директоров АО
«Национальный научный центр
хирургии имени А.Н. Сызганова».

Бейсенбі - Четверг, 1 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.25 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Ақ пен қара»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 «Тұлға»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.00, 03.15 «Ашық алаң»
20.30, 20.50, 00.30, 00.50 Футбол
23.00 «Баырлар»
03.00 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00«Бізге хабарласқан»
10.30 «Одна книга»
10.35 Мультсериал
11.00, 22.00 Т/х «Ақ пен қара»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 «Соседи-2»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
23.00 «Соседи-3»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.10, 01.10 «Главврач»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00 «Громовы»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шындық»
02.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 «Участок»
13.05 «Старшая дочь»
14.10, 02.25 Новости
14.20, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-15»
00.25 «Егерь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Озат отбасы»
08.40, 02.20 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
11.20, 23.50 «Наш спецназ»
13.00, 21.40 «Цвет страсти»
15.20, 01.30 «У каждого своя ложь»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Бүгін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00, 05.00 «Ризамын»
09.00, 00.10 Сериал «Невиновный»
10.40 Мультсериал
11.00 Сериал «Бірге бол»
12.30 Кино «Пятый элемент»
15.20 «ИП ман-2»
18.00 Кино «Доспехи бога»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Другой мир»
23.50 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 03.40 «1001 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10 Сериал «Триггер»
12.30 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Саған сенемін»
16.00, 00.00 «Фемида видет»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 2 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 03.00 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Қара таңба»
14.10 Д/ф «Бірегей»
15.15 «Тіршілік»
15.45 «Бақытсыздар бағы»
17.00 «Ашық алаң»
20.30, 00.30 Футбол. Әлем чемпионаты. FFA Qatar-2022. Тікелей эфир
20.50 Футбол. Әлем чемпионаты. Оңтүстік Корея-Португалия
23.00 Т/х «Бауырлар»
00.00 «Парасат майданы»
00.50 Футбол. Әлем чемпионаты. Камерун-Бразилия

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 «Бір кітап»
10.35 «Covershow»
12.00, 20.00 «Мелек»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал «Соседи-3»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Ақ пен қара»
23.00 Мегахит «Интуиция»

АСТАНА

07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Дастан»
10.00, 21.55 «Жетім жүрек-2»
12.00, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40 «Президент пәрмені»
14.50 «Окно жизни»
17.10, 01.10 «Главврач»
17.50 «Кішкентай келін»
19.00 Сериал «Громовы»
20.00 «Астана таймс»
02.15 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
11.55 Сериал «Участок»
13.00 Сериал «Старшая дочь»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.55 Сериал «Дилетант»
01.25 «Фантастика»
03.25 Новости
03.40 Жаңалықтар
03.50 «Той заказ»
04.15 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Кешкі жаңалықтар»
07.50 Озат отбасы
08.40 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
11.20 «Наш спецназ» боевик
13.00 «Цвет страсти» мелодрама
15.20 «У каждого своя ложь» мелодрама
16.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Дау-дамайсыз
20.35 «КТК- web »
21.00 Вечерние новости
21.40 «Материнское цердце» мелодрама
01.30 «У каждого своя ложь» мелодрама
02.20 «Тоғжан»
03.10Кешкі жаңалықтар
03.40, 04.10 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» (Қонаев)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «AgroLife»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 « Әзіл студио»
07.00 Информбюро
08.00, 05.00 «Ризамын»
09.00 «Невиновный» сериал
10.40 М/с «Маша и медведь»
11.00 «Бірге бол»
12.30 Кино «Другой мир»
15.30 Х/ф «Доспехи Бога»
17.30 «Доспехи Бога-2»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Другой мир-2: эволюция»
23.20 «31 әзіл»
00.40 Сериал «Анупама»
01.30 What's up?
02.20 Паутина
03.10 «1001 әзіл»
04.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50, 13.00 Т\х «Тақиясыз періште»
07.20, 01.00 Т/Х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Сериал «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Триггер»
12.20 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, «Әсекшілер»
15.00, 22.00 Т/х «Саған сенемін»
16.00, 00.00 Сериал «Фемида видит»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия-7»
02.30 Жайдарман
04.00 Т/Х «Япырай»

Сенбі - Суббота, 3 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 20.00, 03.00 «Ақпарат»
07.05 Күміс көмей
07.50 «Зинhар»
08.35, 15.30 «Көңіл толқыны»
09.25 «Тіршілік»
10.00,18.00 Т\х «Жүректегі күз»
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 М/ф «Арктика қолдаушылары»
16.20 Д/ф «Жан олжа»
16.45 «Нартәуекел»
20.30 Футбол. Тікелей эфир
20.50, 00.50 Футбол. 1/8 финал. Тікелей трансляция
23.00 Т/х «Бауырлар»
00.00 «Әзіл әлемі»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт
08.00 Мегахит «Веселые канікулы»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 «Ковер шоу»
11.10 «Заезжай и живи»
12.00 «Дарын»
13.00 М/ф «Феи: Тайна страны драконов»
14.30 М/с «Артур и дети круглого стола»
15.00 «Шах сарайының құпиялары»
16.45 «Алаш ақтандақтары»
17.30 Айтыс. «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Мегахит «Пассажир»

АСТАНА

07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 Т/х «Дастан»
10.00 «Жетім жүрек-2»
12.00, 18.35 «Жұлдызбысың»
13.10 «Бақыт құшағында»
14.00 Сериал «Главврач»
17.00, 02.00 «Көру керек!»
20.00 «Сапар таймс» апталық-сараптамалық
21.00 «Астана кеші көңілді»
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
23.45 Х\ф «Выкрутасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.40 «П@утина»
08.35 «Проуют»
09.30 Х/ф «Как поймать перо жар-птицы»
10.55 «Дилетант»
14.45 Сериал «Скажи мне правду»
18.30 «Айна»
19.00 Х/ф «Х фактор»
20.00 Сериал «Доктор Иванов. Жизнь после смерти»
23.40 «Чужая»
02.00 «П@утина»
02.45 «Той базар»
04.15 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Озат отбасы»
07.50 «Тоғжан»
08.50 «КТК web»
09.20 «Вечерние новости» (повтор)
10.00 «Юморина», шоу-программа
11.00 Д/ф «Жаңа Қазақстан»
11.40 «Материнское сердце» мелодрама
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.00 «Гроза над тихоречьем»
21.00 «Треугольник судьбы» остросюжетный детектив
01.00 «Юморина»
02.50 «Тоғжан»
03.45, 04.30 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «AgroLife»
12.00 М/ф «Джеки Чан»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін»
15.00 «Везучий Ганс» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Жаңа Қазақстан»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 «Әзіл студио»
06.20 Х/ф «Семья»
09.20 «Көмектесейік»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.00 Х/ф «Побег из Джунглей»
14.10 Х/ф «Семьянин»
16.00 Х/ф «Суперсемейка»
18.35 Х/ф «Принц Персии: Пески времени»
21.00 Х/ф «Хоббит: Битва пяти воинств»
00.30 «Bizdin show»
02.00 «What's up?»
02.30 «Тамаша лайв»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.50, 01.20 «Жайдарман»
08.20, 00.50 «Құтты қонақ»
08.50 «Гадалка»
09.30 «Орел и решка»
10.30 «Смеяться разрешается»
13.15 Т/х «Бастық боламын»
14.15 «Қазақтың жігіттері» концерт
16.30 Сериал «Озноб»
21.00 Шоу «Битва поколений!»
22.40 Х/ф «Апгрейд»
02.50 Т/х «Япырай»
03.40 «Тамаша»

Жексенбі - Воскресенье, 4 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00 «Күй-керуен»
07.30 Д/ф «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45, 00.00 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 М/ф «Арктика қорғаушылары»
13.30 «Әзіл әлемі»
15.25 «Қазақтың жігіттері» концерті
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50, 00.50 Футбол. 1/8 финал
23.00 Т/х «Бауырлар»
03.00 «Апта»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР әнұраны
05.00 Қызық таймс
06.00 Концерт «Қара бала»
08.00 Мегахит «Пассажир»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 М/ф «На край света»
14.30 М\с «Артур и дети круглого стола»
15.00 Т/х «Шах сарайының құпиялары»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына»
19.30 «Жұп-жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Закон доблести»
00.00 Культурный контекст

АСТАНА

07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 «Астана кеші көңілді»
10.00 «Жетім жүрек-2»
12.00 «Жұлдызбысың»
13.30 «Жұлдыздар айтысады»
14.00 «Жұлдыздар айтысы»
17.15 Х/ф «Выкрутасы»
19.25 Х/ф «Балуан шолақ»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.45 Т/х «Айнұрдың арманы»
02.30 «Көру керек!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.35 «П@утина»
08.25 «Воскресные беседы»
08.35 «Повара на колесах»
09.30 «Қаймақ»
10.00 «Водитель для веры»
12.20Сериал «Доктор Иванов. Жизнь после смерти»
15.55 «Х-фактор»
16.55 Х/ф «В последний раз прощаюсь»
18.55 «Добрый вечер. Казахстан!»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Сериал «Простит себя»
01.00 «Поем на кухне всей страной»
02.50 «Той базар»
04.15 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Озат отбасы»
07.50 «Тоғжан»
08.50 «Юморина»
11.00 «Жаңа Қазақстан!»
11.40 «Треугольник судьбы»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.00 «Персональный ангел» мелодрама
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Посторонняя» мелодрама
00.00 «Юморина»
02.20 Д/ф «Тоғжан»
03.15 «Озат отбасы»
04.00, 04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Әсем әуен»
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Русалочка» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Мамандық маңызы»
18.00 «Жаңа Қазақстан»
18.30 «Олжа»
19.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 « Әзіл студио»
07.00, 01.00 Тамаша лайф
08.00, 02.30, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Семьянин»
11.50 Х/ф «Суперсемейка»
14.30 «Принц Персии: Пески времени»
17.10 «Хоббит:Битва пяти воинств»
20.40 Х/ф «Другой мир-2: эволюция»
23.00 «Алдараспан»
01.30, 05.30 «What's up?»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50 «Қазақтың жігіттері» концерт
08.30, 00.20 «Құтты қонақ»
09.00 «Смеяться разрешается»
11.40 Шоу «Битва поколений»
13.10 Т/х «Q елі»
13.30, 01.00 «Салем Қазақстан» концерті
15.20 «Брат или брак-2»
17.40 Х/ф «Путь сквозь снега»
20.00 Сериал «Звезды и лисы»
02.20 Жайдарман
03.00 Т/х «Япырай
04.00 «Тамаша»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОТ РЕФОРМАСЫ

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСТЫРЫЛМАҚ

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН РЕФОРМАЛАР ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫ ЕНГІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗІП ОТЫРМЫЗ.

Республикада сот реформаларын жүргізу арқылы сот жүйесін жетілдіру үшін маңызды құжаттар қабылдануда. Бұған мына тың мысал арқылы анық көз жеткізуге болады. Атап айтқанда, 2022 жылғы 5 қарашада Қазақстан Президенті құқық қорғау институттарын нығайтуға бағытталған заңдар блогына қол қойды. Олардың ішінде елдегі маңызды оқиға республикада Конституциялық сот құру болып табылады.

2023 жылдың бірінші қаңтарынан бастап елде жаңа Конституциялық Сот жұмыс істей бастайды. Конституциялық сот Конституциялық Кеңестің мұрагері болғанымен, оның құзыреті анағұрлым ауқымды болмақ. Конституциялық Кеңестің өкілеттіктерінен басқа, Конституциялық сот Сайлау мен референдумның дұрыстығын, Конституция нормаларының ресми түсіндірілуін және басқаларын тексереді, ол Парламент Заңдары, Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары, Министрлер бұйрықтары және т.б. нормаларының конституциялылығын тексере алады.

Енді нормативтік құқықтық актілер (бұл заңдар, нұсқаулықтар, ережелер болуы мүмкін) олардың конституциялық құқықтарына тікелей әсер етеді деп анайтындардың барлығы Конституциялық сотқа жүгініп, өз құқықтарын қорғай алатын болады. Бұдан басқа, адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тұтастай қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі туралы мәселемен Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Конституциялық емес деп танылған актілердің күші жойылады және қолдануға жатпайды. Бұл біздің азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер. Конституциялық соттың мұндай моделі дамыған елдердің көпшілігінде бар және құқықтың үстемдігін орнатуға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, сот жүйесінің жұмысын жетілдіру және сот төрелігін іске асыру сапасын жақсарту үшін бізде елеулі жұмыс жүзеге асырылуда. Бұған Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың сот реформалары туралы айтқан сөздері дәлел бола алады: *«Тиімді сот жүйесі кезінде қоғамда заңның үстемдігі сенімді түрде бекітіледі. Реформалар сәтті жүргізілуде. Бұл біздің азаматтарымыздың әл-ауқаты мен қауіпсіздігіне оң әсер етеді. Сондықтан сот жүйесін жаңғырту жалғастырылатын болады. Қазақстандық қоғам сот саласында түбегейлі оң өзгерістер күтуде»*, – деп атап өтті Президент.

Нұри ОМАРБЕКОВ,
Алматы облысының
МАЭС-ның судьясы.

МАМАН МІНБЕРІ

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Қазақстанда гендерлік саясат бағытында қол жеткізілген жетістіктерімен қатар жоғары гендерлік алшақтық пен теңсіздік жағдайлар өзекті мәселе болып қалуда. Мәселен, Қазақстанның саяси мүмкіндіктері мен әлеуметтік-экономикалық қатысуын кеңейту салаларындағы көрсеткіштерінің гендерлік алшақтық деңгейі орташа. Ұзақ мерзімді перспективада олар ұлттық адами капиталдың бәсеке қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін.

Шешім қабылдаудың барлық деңгейінде әйелдерінің үлесі төмен. Ауыр және қауіпті еңбек жағдайларында әйелдердің жұмыс істеуіне шектеудің болуы әйелдердің жұмыс істеуіне шектеудің болуы әйелдердің жалақысы жоғары мамандықтарына қол жеткізуіне кері әсерін тигізеді. Қазақстанда әйелдер еңбегін қолдануға тыйым салынатын жұмыстар тізімі ТМД елдерімен салыстырғанда кең.

Қоғамдық, мемлекеттік ресурстар мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізе алмайтын ауыл әйелдерінің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту мәселесі де әлі күнге өзекті. Ұлттық статистика деректері бойынша, Қазақстандағы әрбір үшінші ауыл әйелі өзін-өзі жұмыспен қамтыған және заттай шаруашылық жүргізуден түскен табыспен күн көреді, оларға жеке тұтыну да жатады.

Қазақстандық тәсіл отбасының өз бетінше даму мүмкіндігін кеңейтуге және отбасылық қарым-қатынастарда гендерлік теңдікке қол жеткізу жолымен өмірлік қиын жағдайларды еңсере білуге мемлекеттің жағдай жасауына негізделген. Еңбек қатынастары саласындағы көпшілікке жария деңгейде ғана емес, сондай-ақ, жеке отбасы ішінде де ерлер мен әйелдер арасында теңқұқылы қарым-қатынастар құру қажетті шарт болып табылады.

Бүгінде қоғамда әйелдерге еңбек міндеттерін орындау кезінде ерлермен бірдей талаптар қойылады. Алайда отбасылық-тұрмыстық қатыныстарда ерлер басымдығының гендерлік стереотипі сақталып отыр. Сондай-ақ қазіргі заманға жағдайда ата-ананың екеуі де бала тәрбиесі мен үй шаруашылығының жүргізуге бірдей жауапты болуға тиіс. Бұл ретте, этномәдени бірегейлікті де сипаттайтын отбасы дәстүрлері мен адамгершілік-рухани құндылықтарды сақтау өте маңызды.

Отбасы институтын нығайту және отбасының барлық мүшелерінің әл-ауқатын жақсарту үшін Қазақстанның мемлекеттік отбасылық саясатында балалы отбасылар, жалғызбасты ата-аналар үшін әлеуметтік қызметтерді қолжетімді етуге және оның сапасын жақсартуға басымдық беріледі. Қоғамда ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуде көздейтін Қазақстанның заманауи мемлекеттік саясаты жыныс белгісі бойынша кемсітушіліктердің барлық түрлерін еңсертуге, ерлер мен әйелдердің еңбекте, қоғамдық және жеке өмірде қабілеттерін толық іске асыруына саяси алғышарттар мен қажетті әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған.

Қоғамда ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету уақыт талабы. Қазақстан зайырлы мемлекет, сондықтан азаматтарымыз арождан бостандығымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Ардақ БАЙМҰҚАШЕВА,
Көксу аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі.

ҚАЗЫНА

Әр ұлт үшін ең үлкен байлық – оның ана тілі, мәдениеті және ұрпақ үшін мұрасы. Әр халық оны мыңжылдықтар бойы салып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді. Адам тамақсыз, сусыз өмір сүре алмайды. Сондай-ақ, тіл де қарым-қатынас адам үшін өте маңызды. Осыған орай әлемде көптеген түрлі тіл бар.

АНА ТІЛІМ – ҚАЗАҚ ТІЛІ

Әр халықтың ана тілі – бұл осы ұлт пен оның әр халқы мақтан тұтатын нәрсе. Біз мақтан тұтатын біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Бұл тілдің тарихы көшпенділік кезеңінен басталады. Бұл тілдің тәуелсіздігі үшін көптеген соғыстар болды және біздің ата-бабаларымыздың арқасында біз қазір қазақ тілінде сөйлейміз. Қазақстанда 300-ден астам адам бір аспан астында өмір сүреді. Бірақ ешкім де қазақ тілінің бәріне ортақ мемлекеттік тіл болуына қарсы емес. Жыл сайын Қазақстанда тұратын халықтардың бірлігі мерекесі өткізіледі.

Тіліміз – бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы.

Өйткені өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіме басты себепкер – бұл ана тілім! Мынау жарық дүниеге келгеннен бастап, ананың әлдиімен бойыма сіңіріп келе жатқан тілім мен үшін ең қастерлі, ең қымбат тіл.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын майлау. Ең жақсы адам – ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіне бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз.

А. ҚАБАСОВА,
Н. Островский атындағы мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖЕМҚОРЛЫҚ

АЛДЫН АЛУ АСА МАҢЫЗДЫ

Қазіргі кезде мемлекет ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында ең басты назарды экономикалық даму процестердің басқарылуына, ұйымдық-құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және қоғамдағы осы бір дерттің алдын алуға аударып

Сондықтан ең алдымен сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты – оның алдын алу яғни, оның себептері мен шарттарын болдырмауға ықпал жасау керектігін ескерген жөн. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бастамасы мен жетістіктерін жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетін әлеуметтік кесел екені күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу. Демек, қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – әркімнің басты міндеті болуға тиіс. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін және заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек, екенін атап көрсеткені де нақты дәлел болса керек.

Осы қағидаға байланысты сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күн тәртібіндегі маңызды мәселесінің біріне айналып отыр. Онымен тиімді күрес жүргізу барлық мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының төл міндеті болуға тиіс. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Мемлекеттік органдар қызметкері, яғни, әр мемлекеттік қызметші алдында тұрған міндеттерін адал және нақты атқарумен қатар, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға, оның алдын алуға атсалысуды парызы ұстағаны абзал. Сонда жұмыла жұмыс істегенде ғана нәтижеге қол жеткіземіз. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресуді Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзінің басты борышы деп білсе нұр үстіне нұр болар еді. Осылайша, көп болып қолға алғанда осы қоғам дертімен күрес нәтижелі болары даусыз.

Бауыржан ӘШІМОВ,
Текелі қалалық сотының аға сот приставы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ КОЛЛЕДЖ

АЙДАЙ ӘЛЕМДІ АУЗЫНА ҚАРАТҚАН ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕРДІҢ БАҒЫН ЖАНДЫРЫП, ТАҢДАНДЫРАР ҚҰПИЯНЫҢ БІР ҰШЫ – БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ КӨҢІЛ БӨЛУІНДЕ ЖАТЫР. ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ДҮНИЕ ЖАҢАРЫП, ЖАНДАНДЫ. ӘРИНЕ, БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТЫҢ СЕРПІНМЕН АЛҒА ЖЫЛЖЫП БАРА ЖАТУЫНЫҢ СЕБЕБІ ДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨНЕР КЕНІШІНДЕ ЖАТСА КЕРЕК.

«Кел балалар оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» деп басталатын ұлттық білім беру бұдан кейінгі жастардың шоқтықты тәрбие алып, ел іргесін бекітуге күш-жігер беретіні хақ. Осыған орай, бүгінгі уақыттың тамырын тап басып, қоғамның өзекті талаптарына жауап бере алатын мамандар даярлауда ZHANSUGUROV COLLEGE өзге әріптестерінен оқ бойы озық келеді.

Оқу орны алғаш шаңырақ көтергеннен бері жан-жақты мұқият жоспарланған ісімен және шығармашылық ізденісімен ерекшеленеді. Оның үстіне колледжде студенттердің білімі мен біліктілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар аз емес. Күнделікті оқыту жұмысындағы жаңа тұстарды айтпағанның өзінде, кең көлемде ұйымдастырылған шаралар колледждің жарқын келешегін көрсеткендей.

ZHANSUGUROV COLLEGE қазақ және орыс тілдерінде оқытатын 9 және 11-ші сыныптан кейін және қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті базасында құрылымдық бөлімше ретінде құрылды және ректордың 2018 жылғы 22 тамыздағы № 221-П бұйрығымен штат кестесіне енгізілді. Колледж директоры болып педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мальтекбасов Марат Жабықбайұлы тағайындалды.

Іргетасы 2018 жылы қаланған «Zhansugurov college» осы өңірдегі ілгері оқу орындарының біріне айналды. 2019-2020 оқу жылында Алматы облысы колледждері арасындағы рейтинг көрсеткіші бойынша 7 орынға ие болса, «Үздік оқу орны» облыстық байқауында «Жетістіктер жолында» номинациясын жеңіп алды. «Zhansugurov college» Алматы облысы бойынша алғаш «Worldskills Қазақстан – 2020» аймақтық чемпионатын 3 құзіреттілік ұйымдастырған орталық болып табылды. Ұжым ерекше жоғары ынтамен, бүкіл күш-қуаты мен жасампаз мұраттарды алға қояды.

Білімді адам ғана болашаққа батыл қадам баспақ. Оқу менен білім – үздіксіз еңбектің арқасында ғана жақсы нәтижеге, жоғары жетістікке жеткізеді. Студент жастарымыздың жан-жақты, саналы, терең білімді, қабілетті болуы – қоғам сұранысы.

Білім шаңырағының өскелең ұрпаққа жол көрсету бағытындағы жетістіктері жетерлік. Ұрпақ тәрбиесінде толассыз педагогикалық қызметін көрсеткен колледж ұжымында 2 профессор, 24 ғылым магистрлері, 6 жоғары санатты және 5 бірінші санатты тәжірибелі педагог мамандар 600-дей білім алушыларға сапалы білім беруде.

Колледждің негізгі миссиясы – стейкхолдерлер талаптарына сәйкес келетін және іргелі білімі, креативті, кәсіпкерлік ойлауы бар көшбасшылардың жас толқынын қалыптастырудың инновациялық тәсілдері арқылы республикамыздың және өңірдің адами капиталын дамыту үшін жағдай жасау. Сол арқылы әлемдік білім беру кеңістігінде техникалық және кәсіптік білім беретін үздік оқу орны ретінде танылған инновациялық үлгідегі колледжге айналдыру.

Колледждің бірегейлігі жоғары технологиялық және ғылыми сыйымдылығы жоғары деңгейде қамтылған өндірістерінің сұранысына сәйкес жоғары білім мен техникалық және кәсіптік білімінің оқу бағдарламаларын интеграциялау және кредитті-модульдік технологиялар негізінде көпдеңгейлі үздіксіз кәсіптік білім берудің тиімді моделін жүзеге асыруда. Білім ошағы бүгінде қанаты қатайып, жаңа ғылыми дәуір ғасырына бет алып, талай биік белестерді бағындырып, орта кәсіби маман кадрларды даярлау үдерісінде үлкен бедел мен абыройға ие болуда.

Колледж білімгерлерінің жетістігі де көп. Атап айтсақ, «ҚР колледждерінің Топ 100 студенті» жобасына «Аударма ісі» мамандығының студенті Гүлжан Тұмабай қатысып, жеңімпаз атанды. «Жыр арқауы – Елбасы» челленджінде «Туризм» мамандығының студенті Мәулен Бейсенбай қатысып, алғыс хатпен марапатталды. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Стартап Академиясының және «Astana Hub» IT стартаптардың халықаралық технопаркінің инкубациялық бағдардамалары бойынша студенттердің инновациялық жобаларына колледжіміздің 13 студенті қатысып, сертификаттармен марапатталып, Сұлтан Сапардың жобасы үздік деп танылып, өзінің инновациялық жобасын республикалық деңгейде таныстыруға мүмкіндікке ие болды. Университет көлемінде ұйымдастырылған «Ғасырлық арман – Тәуелсіздік» жыр байқауында «Бастауыш білім беру» мамандығының студенті Акбаян Қалибекова І орын, «Менің университетім» тақырыбындағы үздік бейнероликтер байқауында «Ақпараттық жүйелер» мамандығының студенті Бексұлтан Әлібеков жүлделі ІІ орын алды.

Колледждің бірегейлігі жоғары технологиялық және ғылыми сыйымдылығы жоғары деңгейде қамтылған өндірістерінің сұранысына сәйкес, жоғары білім мен техникалық және кәсіптік білімінің оқу бағдарламаларын интеграциялау негізінде, кредитті-модульдік технологиялар енгізу арқылы көпдеңгейлі үздіксіз кәсіптік білім берудің тиімді моделін жүзеге асыруда.

Бүгінгі таңда колледж ұжымы оқыту әдістемелерін жаңғырту, ауқымды халықаралық жобаларға қатысу, кәсіпкерлікке бағытталған оқу бағдарламаларын құру, жас мамандардың ең озық құрал-жабдықтармен және ең заманауи өндірісте жұмыс істеу дағдысын үнемі меңгеру және технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында табысты әлеуметтік бейімделуге дайындығын шыңдаумен айналысуда.

Білімге құштар жастар «Zhansugurov college» колледжінде терең білім алып, интеллектуалдық деңгейі жоғары, еңбек нарығының бәсекелестігі жағдайында еңбек етуге қабілетті маман болып шығуына мүмкіндік мол.

Ершат АНДАС,
І. Жансүгіров колледжі аударма ісі пәнінің оқытушысы.

ДІНТАНУ

СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ІШІНДЕГІ ЕҢ КӨП ЭТНОСТЫҢ, ДІНДЕР МЕН КОНФЕССИЯЛАРДЫҢ БІР ҚАЗАНДА ҚАЙНАП ЖАТҚАН БЕЙБІТ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ БІРІ.

Еліміз тәуелсіздігін алып, зайырлылық принципін қолдаған уақыттан бастап, тек мемлекет ішіндегі тыныштықты ғана ойлап қоймай, әлемдегі бейбітшілікті қалады. Әр үш жыл сайын өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезді осы сөзге дәлел. VII-ші съезге 50 мемлекеттен 100-ден астам делегация, оның ішінде басты қонақ Рим Папасы Франциск қатысуда. Съездтің басты мақсаты әлемдік діни мәселелерді шешу, бейбітшілік пен келісімді нығайту. Осындай шараны абыроймен өткізу еліміз үшін үлкен бақыт. Себебі дәл қазір әлемнің алпауыт елдерінің назары бізде екені айдан анық.

«Елу жылда ел жаңа» демекші, Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспары дәл қазір іске асырылып, үлкен нәтижелер күтілуде. Соның ішінде: зайырлылықты нығайту, діни қауіпсіздік, сенім бостандығы, сауатты арттыру, әлеуметтік топтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Осы орайда дінтанушы мамандардың атқарып жатқан жұмыстары аса маңызды екені анық.

Қоғамның сұраныстары мен мемлекеттік талаптарға сай мамандарды даярлауда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының үлесі зор-ақ. Түрлі мамандық иелерін дайындаумен қоса кафедраның оқытушы-профессорлық ұжымының ғылыми зерттеулері де жетілдіріліп отырады. Сонымен қатар пәнді оқыту барысында қазіргі мемлекеттік-конфессиялық байланыстарды жетілдіру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, дін саласындағы мемлекеттік органдар мен қауымдастықтың ортасындағы үнқатысуды жетілдіру, бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру саясаты басты талап.

Мемлекетіміздің діни ахуалын сараптауға дәстүрлі діндер және жаңа діни ағымдардың қоғамдағы орнына баға беруге, заң жобаларын жетілдіруге қатысты кафедра ғалымдарының ғылыми ұсыныстары жоғары бағаланады. Мамандарды даярлауда оқытылатын пәндер еліміздің рухани құндылықтар жүйесін құрайтын әртүрлі діни сана мен дүниетанымы, ар-ождан еркіндігі мен оның қорғалуы, діннің мәні туралы білім беріп, әртүрлі діни, атеистік, тағы да басқа көзқарасты ұстанатындығы толерантты және сыйластықпен қарауға тәрбиелейді.

Дінтану пәні – тарихтың сан ғасырлық мұрасында жинақталған діни тәжірибе, мәдениет ескерткіштері, интеллектуалды және рухани мұралар болып табылады. Барлық оқытушылар діни білімге, әдет ғұрыптар мен дәстүрлерге құрметпен қарайды.

Қазіргі уақытта дінтану – мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлінетін қажетті мамандықтардың біріне айналды. Қазақстан қоғамының түрлі этностық сипатын ескере келгенде, ұлттық діни мұраны сақтап қалу үшін қазіргі зайырлы қоғамға заман талабына сай дінтану пәнін оқытатын дінтанушы мамандар үлкен сұраныста. Мемлекеттің тыныштығы, халықтың сауаты, жас буынның білімділігі, дәстүріміздің сақталуы басты мақсат. Әсіресе діни сауат қазіргі уақытта үлкен мәселе болып тұр. Сол себептен дінтану мамандары – қоғам сұранысында.

Аида БЕКБОЛАТ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті.
Жанна ҚАҢТАРБАЕВА,
жетекшісі, ҚазҰУ-дың аға оқытушысы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ АВФ

Внедрение аудио-видео фиксации (АВФ) судебных процессов – наглядный результат отвечающего вызовам времени правосудия, основанного на верховенстве закона мобильного, прозрачного, доступного. АВФ позволяет создать краткий протокол судебного заседания, в котором отображаются в хронологической последовательности: время начала события, его название, действующие лица и короткие комментарии, сведения о составе суда, номер дела, и т.п. Записи АВФ может использоваться в качестве доказательства неправомерного поведения участников судебного заседания, в случае наличия таких обстоятельств.

В рамках проекта внедрения АВФ была развита система проведение дистанционных судебных заседаний посредством видеоконференц-связи со следственными изоляторами, исправительными, медицинскими учреждениями, с районными и областными центрами страны. Это позволило рассматривать уголовные дела без этапирования подсудимых, находящихся в следственных изоляторах и местах лишения свободы. Новации позволили экономить бюджетные средства и исключать непредвиденные риски. Следует отметить, что активное использование видеоконференц-связи зависит напрямую от согласованных действий со структурными подразделениями Министерства внутренних дел Республики Казахстан.

Применение средств аудио-,видеозаписи, обеспечивающих фиксирование хода судебных заседаний, осуществляется секретарем судебного заседания. Применение средств аудио- или видеозаписи в ходе судебного заседания осуществляется непрерывно. Не является перерывом остановка средств аудио-,видеозаписи с момента объявления присутствующим в зале судебного заседания об отложении судебного разбирательства, перерыве или удалении суда в совещательную комнату для принятия судебного решения и до момента его объявления либо возобновления судебного разбирательства.

Положительным для самой судебной системы и задействованных в ней должностных лиц, в том числе секретарей судебного заседания, можно отметить снижение в связи с применением аудио-видео средств записи судебных процессов нагрузки секретарей в плане составления полных протоколов судебного заседания, что, в свое время отнимало большое количество времени, негативно сказываясь на организации и результативности работы, опять же благодаря фиксации процесса с помощью технических средств исключается вероятность влияния человеческого фактора, т.е. отражение не полных данных процесса.

Айгерим КУСАИНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС области Жетысу.

ЗАКОН

МОРАЛЬНЫЙ ВРЕД И ЕГО ВОЗМЕЩЕНИЕ

В Конституции Республики Казахстан указано, что достоинство человека неприкосновенно и каждый имеет право на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, защиту своей чести и достоинства.Одним из способов судебной защиты гражданских прав относится компенсация морального вреда. Под моральным вредом понимается нарушение, умаление или лишение личных неимущественных благ и прав, принадлежащих физическому лицу от рождения или в силу закона, влекущее нравственные или физические страдания, испытываемые (претерпеваемые, переживаемые) потерпевшим в результате совершенного против него правонарушения. Первым условием является наличие морального вреда, то есть негативных изменений в психической сфере человека, вызванных физическими и нравственными страданиями. Законодатель обоснованно устанавливает только неправомерные действия в качестве условия ответственности за причинение морального вреда. В данном случае действует принцип «презумпции морального вреда», содержание которого можно сформулировать следующим образом: «Любое физическое лицо, в отношении которого совершено неправомерное деяние (действие или бездействие) признается потерпевшим и понесшим моральный вред, если совершивший деяние не докажет обратное».

Определение размера компенсации. При определении критерия размера компенсации морального вреда должны учитываться индивидуальные особенности потерпевшего. Как указано выше, моральный вред возникает в результате физических либо нравственных страданий. Физические страдания – это категория чисто физиологическая, у разных людей разный болевой порог, разная способность терпеть физическую боль, в связи с чем неправильно оценивать одинаково моральный вред, причиненный одинаковой силы ударом ребенку, престарелому человеку либо взрослому мужчине.

Нравственные страдания можно определить как совокупность отрицательных эмоций – чувства страха, унижения, обиды и т.д. Степень и глубина подобных психических реакций зависит как от индивидуальных особенностей психики, уровня развития интеллекта, самооценки потерпевшего, так и от положения объекта, посягательство на который причиняет моральный вред в системе ценностей самого потерпевшего.

Кроме того, при определении размера компенсации морального вреда необходимо в отдельных случаях учитывать материальное положение лица, которому такой вред причинен (ст. 952 ГК). Необходимость учета материального положения потерпевшего в данном случае продиктована спецификой компенсируемого вреда. Моральный вред как категория нематериальная не может быть оценен денежной суммой. Компенсация морального вреда есть предоставление потерпевшему возможности испытать за счет взысканной суммы положительные эмоции, соразмерные испытанным им физическим или нравственным страданиям.

Гражданским законодательством определение размера компенсации морального вреда оставлено на усмотрение суда, рассматривающего дело, с учетом принципов разумности, достаточности и справедливости.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

КУЛЬТУРА СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

НАДО СОБЛЮДАТЬ ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ НОРМЫ

КУЛЬТУРА СУДЕБНОГО ПРОЦЕССА НАИБОЛЕЕ ОЧЕВИДНОЕ ВЫРАЖЕНИЕ НАХОДИТ В ПОВЕДЕНИИ СУДЕБНЫХ РАБОТНИКОВ, Т. Е. В ФОРМЕ ИХ ОБЩЕНИЯ ДРУГ С ДРУГОМ, С ГРАЖДАНАМИ, ЯВЛЯЮЩИМИСЯ В СУД. СУДЬЯ ПРЯМО ПРИЧАСТЕН К СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ, ПОЭТОМУ СУДЕБНЫЙ ЭТИКЕТ ЯВЛЯЕТСЯ НЕОТЪЕМЛЕМОЙ ЧАСТЬЮ КУЛЬТУРЫ ПРАВОСУДИЯ, СЛУЖИТ АВТОРИТЕТУ СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ.

Порядок в судебном заседании достигается через точное соблюдение процессуальных норм, а также норм судебной этики всеми участниками (судом; лицами, участвующими в деле; иными участниками хозяйственного процесса). К общим условиям судебного разбирательства относится и определенный законом ритуал судебного заседания, которым обеспечивается уважение к суду и возможность благоприятного рассмотрения дела.

В этой связи, повышение культуры проведения судебных процессов является важным условием обеспечения эффективности правосудия и повышения имиджа судебной власти. Более того, актуальность данной темы заключается еще в том, что осуществление правосудия в точном соответствии с законом обеспечивает предупредительное и воспитательное воздействие судебных решений.

Культура судебного процесса заключается в неуклонном соблюдении судьями и специалистами хозяйственных судов, лицами, участвующими в деле, а также иными участниками хозяйственного процесса требований хозяйственного процессуального и иного законодательства.

Немаловажное значение для повышения культуры судебных процессов имеет внешняя обстановка суда. Высокая культура судебного процесса требует хорошей, добросовестной подготовки к рассмотрению дела судей, прокурора, адвоката, глубокого знания ими дела. Одним из обязательных условий культуры судебных процессов является своевременное открытие судебного заседания, а также соблюдение времени перерывов и распорядка судебного заседания.

В настоящее время введенная обязательная система аудио-, видеозаписи всего судебного разбирательства способствует обеспечению законности, объективности, а также порядка и дисциплины всех участников процесса.

Рассмотрение дел должно проводиться судами на основе точного соблюдения законности, в полном соответствии с процессуальным законодательством. Председательствующий по делу по делу призван обеспечивать лицам, участвующим в судебном заседании, возможность реального осуществления прав, предоставленных им законом, соблюдать нормы, гарантирующие равенство сторон.

Гульнара САДЫКОВА,
главный специалист СМЭС области Жетысу.

ГЕНДЕР

ОДИН ИЗ ВАЖНЕЙШИХ АСПЕКТОВ ЖИЗНИ

Гендерное равенство – один из важнейших аспектов жизни в демократических западных странах, где женщины и мужчины получают равные возможности и обязанности в различных сферах жизни. Независимо от пола, гражданам предоставляются одинаковые права при трудоустройстве, они успешно совмещают семейную жизнь и карьеру. Понятие «гендерное равенство» появилось благодаря экспертам ООН, и сейчас его активно обсуждают не только развитых странах, но и в развивающихся государствах третьего мира.

И в нашей республике в этом важном вопросе ведется активная работа и принимаются комплексные меры. Этому свидетельствует высказывания Главы государства в своих выступлениях. Так, Президент Республики Казахстан К.К.Токаев в своем Послании народу Казахстана 1 сентября 2021 года подчеркнул: «В начале лета в соответствии с моим Указом Правительством утвержден Комплексный план по защите прав человека. Этот важный документ закладывает долгосрочную институциональную основу дальнейшего совершенствования системы защиты прав человека в Казахстане. После принятия Комплексного плана началась активная работа по обеспечению гендерного равенства. В этой связи следует обеспечить максимальную поддержку экономических и политических позиций женщин в обществе» Для достижения поставленной цели по государственной гендерной политике решаются такие актуальные задачи как совершенствование законодательства в сфере гендерной политики, а также приведение его в соответствие с международными стандартами, рекомендациями ООН, ЦУР и ОЭСР;

Отнесение человеческого капитала к числу объективно-первостепенных условий социальной модернизации поставило на повестку дня необходимость преобразования экономических, социальных и общественно-политических институтов. В этих целях в 2014 году Правительством утверждена Концепция социального развития Республики Казахстан до 2030 года, направленная на создание условий для повышения качества и конкурентоспособности человеческого капитала.

На сегодняшний день основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане определены в Концепции семейной и гендерной политики до 2030 года (далее – Концепция). В 2019 году завершился первый этап реализации Концепции, по итогам которого можно констатировать целенаправленное проведение системной и востребованной гендерной политики в Республике Казахстан, всесторонне учитывающей национальный и международный опыт в сфере достижения гендерного равенства, религиозные и культурные особенности казахстанского общества.

Жанар МУХАТАЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Текелийского городского суда.

КОРРУПЦИЯ

В современном мире работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуется. Специфика наборов методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры, а также от площади занимаемой территории, плотности, численности населения.

ПРИМЕНЯЮТСЯ ЭФФЕКТИВНЫЕ ПРАВОВЫЕ МЕРЫ

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией. В целях уголовно-правового обеспечения противодействия коррупции и в интересах выполнения международных обязательств Уголовный кодекс Республики Казахстан устанавливает уголовную ответственность за совершение коррупционных преступлений. Коррупционные преступления, будучи социально-правовым явлением, представляют собой общественно опасные посягательства на охраняемые уголовным законодательством общественные отношения. Негативное явление коррупционных преступлений оказывает значительное влияние на формирование морально-идеологических устоев в обществе. В результате у населения вырабатывается высокая терпимость всех основных слоев общества к коррупции, формируется снисходительное отношение к данному явлению. Коррупция может приобретать системный характер. Общественная опасность таких преступлений определяет их социальную природу. Они опасны, потому что причиняют огромный вред социальным ценностям и экономическим устоям общества.

В условиях модернизации экономики и масштабных социальных преобразований в Казахстане была все более очевидна потребность в целостной антикоррупционной стратегии, тесно увязанной с современной социально-экономической политикой государства. Основной целью государства является повышение эффективности антикоррупционной политики, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы "нулевой" терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
судья Коксуского районного суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЗДЕСУ

ЖЕТІСУ СПОРТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорғандағы Тіл сарайында өңір спортшыларымен кездесіп, саланың көкейкесті мәселелерін талқылады. Сол сияқты жиында10 спортшы облыс әкімінің қолынан наградалар алды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаев Президент тапсырмасына сай облыс спортында қолға алынатын жұмыстар жайлы қысқаша айтып берді. Сол қатарда заманауи шаңғы және биатлон стадионын, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу туралы жоспарларымен бөлісті. Сонымен бірге өзекті мәселелерге де тоқталып, олардың шешіміне қатысты тапсырмалар берді.

– Облыс орталығында Орта Азияда теңдесі жоқ заманауи бассейніміз бар. Өзінің ерекше мүмкіндігімен еліміздің жүзуден Ұлттық құрамасы жаттығатын орталыққа айналды. Мұнда көптеген республикалық жарыстар өтеді. Жетісу облысының командасын баптауға мықты жаттықтырушылар шақырып, команда жақсы нәтижелер көрсете бастаған еді. Алайда жаттықтырушылардың тұрғын үй мәселесі шешілмегендіктен, қиындық туған. Осыған байланысты Талдықорған қаласының әкіміне сырттан шақырылған жүзу бойынша жаттықтырушыларға тұрғын үй қорынан қызметтік пәтер бөлуді тапсырамын. Ал Суда жүзу федерациясы мен бассейн директоры жоғары білікті мамандар тартуды жалғастыруы керек, – деп атап өтті Б.Исабаев.

Бұдан бөлек, «Жетісу» футбол клубының биылғы маусымдағы ойын барысын қысқаша талдай келе, запастағы алаңының талапқа сай болмауынынан команданың 3 ұпайдан айырылғанына ойыншылардың титтей де кінәсі жоқ екенін қадап айтты, бұл – басшылықтың салғырт жұмысының салдары.

«Осыған байланысты «Жетісу» орталық стадионын қайта жаңғыртуға 2023 жылы 1 млрд. теңге бөлу керек деп шештім. Бұл жұмыс тиісті басқармалардың ерекше бақылауында болуы тиіс», – деді облыс басшысы.

Сондай-ақ ол кәсіби клубтарда ойыншылардың сапалы резервтерін қалыптастыру, жергілікті спортшыларды көптеп тарту, жас таланттарды іріктеп алу сияқты жұмыстарды жандандыруды тапсырды. Сөзінің соңында спортты дамытуға қосқан елеулі үлестерін бағалай отырып, бірқатар спорт саласының қызметкерлеріне наградалар ұсынды. Атап айтқанда, он азаматқа облыс әкімінің Алғысы хаты, «Жетісу облысының Құрметті спорт ардагері» атағы, «Спорт саласының үздігі», «Үздік спорт қызметкері» төсбелгілері табысталды.

Кездесудің екінші бөлігінде спортшылар өз ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстілектерін жеткізді. Мәселен, Жетісу облыстық «Бәйге» федерациясының президенті Рүстем Досжанов өңірде көкпар командасын құру және «Ұлттық спорт түрлерін дамыту» дирекциясын ашу туралы ұсынысын айтса, Қазақстан Республикасы Регби федерациясының президенті Айгүл Жартыбаева Талдықорған қаласында регбиден жабық жаттығу алаңын салу мәселесін көтерді. Талдықорған қаласының А. Кивилев атындағы велоспорттан мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Самат Сапажановтың ұсынысы велотрек салу туралы болды. Оған қоса велоспортшылар қажетті құрал-жабдықтарын қоятын арнайы орынның жоқтығынан оларды орта мектептер мен «Жастар» спорт сарайының жертөлелеріне қоюға мәжбүр. Осы мәселенің шешіміне де қолдау сұрады. Сол сияқты көгалдағы хоккей ойынына облыс орталығында әмбебап зал тұрғызылса, үстел теннисіне арналған спорт нысаны салынса, волейбол клубының жеке жаттығу залы болса деген де тілектер айтылды. Осы және өзге де көтерілген проблемаларға қатысты жауап берген облыс әкімі бірқатар нысандарды блок-модульді конструкциялар арқылы шешуге болатынын жеткізді. Мәселен, регби командасы мен индор-хоккей спортшыларына арналған қыста жаттығуға қажетті ангар типтес ғимараттарды БМК-дан тұрғызса, әрі шығыны аз, әрі жылдам салынатын болады. Облыс әкімінің айтуынша, волейбол клубына арнайы жаттығу залын салу мәселесі келесі жылы шешіледі. Ал волейболшылар үшін сұралып отырған жатақхана құрылысы әлі де сараптауды қажет етеді. Велотрек салуды облыс бюджеті көтермейді, сондықтан оған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі немесе инвестор тарту шараларын қарастыру керек. Ал үстел теннисі орталығын салуға бір кәсіпкер ұсыныс білдірген екен.

Осы жаңалықты жеткізген облыс әкімі өз кезегінде Талдықорғанда салынатын осы орталықта Пара үстел теннисімен айналысушы спортшыларға да барлық жағдай жасалатынын айтты. Ұлттық ат спорты ойындары да назардан тыс қалмайды. Кездесуде көтерілген барлық мәселелерді егжей-тегжейлі талдап, сараптап, қорытындылаған Бейбіт Исабаев олардың шешімен қатысты нақты жауап берді. Сонымен қатар жасалған жағдайға қарай нәтижесі де қатаң сұралатынын қадап айтты:

– Бүгінгі басқосуда айтылған барлық мәселелерге облыс бюджетінің мүмкіндігіне қарай, қажет жерінде демеушілер тартып, барынша қолдау көрсетеміз. Бірақ бұл сіздерге берілген аванс деп есептеңіздер. Себебі жағдай жасалғаннан кейін нәтиже де сұралады. Жетістіктеріңіз соған сай болуы керек. Жетісудың спортта жетістіктерге жететін мүмкіндігі мол. Ол үшін спортта талантты жергілікті балаларды іріктеп, оларды дұрыс баптай білу керек. Жаттықтырушылардың біліктілігіне де жоғары талап қоямыз. Әділеттілік тек экономикада ғана емес, спортта да болуы тиіс. Әділеттілік пен талапшылдық спорттың басты принципіне айналғанда ғана нәтиже болады, – деді Б.Исабаев.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ДЖИУ-ДЖИТСУ

НИШ ОҚУШЫЛАРЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНДЕ ДЖИУ-ДЖИТСУДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ.

Аңсар Несіпқали, Кабир Әлімханов, Айат Маманов алтын, күміс, қола медальдарын жеңіп алды. Ашық чемпионат Абу-Дабиде өтті. Үздік атағына әлемнің түкпір-түкпірінен бес мыңнан астам спортшы күресті.

5-сынып оқушысы Аңсар Несіпқали үшін мұндай ауқымдағы чемпионат бірінші емес. Аңсар жеңіске жететіне еш күмәнданбады. Жас спортшы өткен жылы Мәскеуде де өнер көрсетіп үлгерді.

– Мен джиу-джитсумен төртінші жыл айналысамын, түрлі жарыстарға қатысып келемін. Бұл белдесуде бес жекпе-жек өткіздім. Менің бәсекелестерім Әзірбайжан, Иран, БАӘ елдерінен келген джитсерлер болды. Бәрін де жеңіп, алтын медальға қол жеткіздім, – дейді Аңсар чемпионымыз.

4-сынып оқушысы Кабир Әлімханов күміс медальмен оралды. Халықаралық чемпионатқа алғаш рет қатысып, үздік үштікке енді.

– Мен ұмытылмас эмоцияларды бастан өткердім. Осы жеңісімді, қуанышымды анама арнаймын. Бізді дайындаған бапкерлеріме үлкен алғысымды айтамын. Қатты тырыстым, келесі жылы бұдан да жақсы нәтиже көрсетемін деген үміттемін, – дейді сұхбатында джитсер Кабир.

Жетістіктер қазынасына Назарбаев Зияткерлік мектебінің тағы бір 4-сынып оқушысы Айат Маманов өз үлесін қосты. Айат осы чемпионатта қола жүлдегер атанды.

– Біздің оқушылардың халықаралық аренадағы өнері қазірдің өзінде үлкен жетістік деп есептеймін. Әріптесім Ернұр Нұрмұханов екеуміз барынша үздік нәтижеге ұмтыламыз. Сондықтан джиу-джитсудан мектептегі дайындықпен қатар, балалар аптасына екі рет қаланың спорт секцияларында жаттығады.

Бұл чемпионатта біздің жігіттер баға жетпес тәжірибе мен болашақ жеңістерге мотивация алды деп ойлаймын, – мектеп жаттықтырушысы Айдос Дүйсентаев өз пікірімен бөлісті.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің джиу-джитсу үйірмесі 2013 жылдан бері жұмыс істейді. Осы жылдар ішінде талай оқушылар халықаралық, республикалық жарыстарда чемпион атанды.

Жарқын мысал ретінде «Astana Open» халықаралық грэпплинг турнирінің жеңімпаздары, қазір мектеп түлектері Ернар Өмірзақов пен Владимир Канды айтуға болады. Енді эстафета кезегі НЗМ-нің ғана емес, әлем чемпионы атанған Аңсарға, Кабирге, Айатқа тапсырылды.

ФУТБОЛ

Алматыда футболдан балалар мен жасөспірімдер арасындағы Ауған соғысының ардагері Борис Керімбаевты еске алуға арналған IV халықаралық турнир өтті. Оған көршілес елдерден командалар қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Халықаралық турнирде Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның жас футболшылары бақ сынады. Байрақты бәсекеге Талдықорған қаласының Асан Заманбекұлы мен Ерік Дүйсенбекұлы жаттықтырған балғын футболшылары қатысып, жүлдемен оралды. 2012-2013 жылғы аяқдопшылар арасында, 8 команда өзара кім мықтыны анықтады.

«Болашақ Талдықорған» командасы 5 ойын өткізіп, жартылай финалда Қырғызстаннан келген «Дордой» командасын 5:1 есебімен ұтып, 3-орын алды. Ал 2010 жылғы жасөспірім футболшылар арасында да тартысты бәсеке өтті. Асан Заманбекұлының шәкірттері финалға дейін 5 кездесу өткізіп, барлығында да жеңіске жетті. Ақтық сында «Джайран-Алматы» командасымен жолы түйісіп, 3:1 есебімен есе жіберді. Осылайша турнирдің күміс жүлдегері атанды.

ВОЛЕЙБОЛ

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ 1-ШІ ТУРЫ БАСТАЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ЖОҒАРЫ ЛИГА КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДА ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ 1-ШІ ТУРЫ ОЙЫНДАРЫ ӨТІП ЖАТЫР. БАС ЖҮЛДЕ ҮШІН 6 КОМАНДА ТАЛАСҚА ТҮСУДЕ. БҰЛ ҚАТАРДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ НАМЫСЫН ЖЕТІСУ ЖАСТАР ҰЖЫМЫ ҚОРҒАП ОТЫР.

Олар былтыр қола жүлдегер атанған. Қазақстан кубогінің финалдық кезеңіне дейін жетті. Биыл да жігіттердің қарқыны жаман емес. Алғашқы ойында жерлестеріміз Қызылорданың «Қайсары»-мен кездесті. Тартысты өткен сайыста қарсыластарын 3:0 есебімен жеңді. Алаң қожайындарының алдына қойған мақсаты биылғы маусымда үздік өнермен танылып, ұлттық лигаға жолдама алу.

Сол себептен Жетісулық жастар жанкүйерлері алдында барын салып жатыр. Бәсекелестеріміздің барлығын жеңуге тырысамыз дейді.

«Командада жастар ойнайды. Негізгі ойыншыларымыз травма алып, қазір кішкене кедергілер болып тұр. Бірақ жігіттердің барлығы намысқа тырысып жатыр. Басты қарсыласымыз Шымкенттен келген командалар болып тұр. Біздің команданың басты алға қойған мақсаттары – тек жеңімпаз атану», – дейді Жетісу облыстық волейбол федерауиясының президенті Талғат Өмірбеков.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР - ОБЪЯВЛЕНИЯ

"ZSTQazaqstan" ЖШС Алматы облысының Іле ауданында 2022 жылдың 8 желтоқсанынан 15 желтоқсанына дейін "қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша шыны пластик құбырлар өндірісі бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу туралы жұртшылықты хабардар етеді. Бастамашы "ZSTQazaqstan" ЖШС Іле ауданы Өтеген Батыр ауылы, Жеруйық көшесі, 17а, БИН191140016366, тел 87017515057, e-mail: sakura7888@mfil.ru. әзірлеуші "Экология" ҒӨО ЖШС, Талдықорған, Шевченко, 140-13, БИН990740003013 тел. 87282 41-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru. жоба материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz. Алматы облысының Табиғи ресурстар басқармасы, тел. 8(72772) 2-32-67, 329267eco@mail.ru, Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13. ЖАО сайтына сілтеме https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru.

ТОО «ZSTQazaqstan» информирует общественность о проведение публичных обсуждений с 8 декабря по 15 декабря 2022 г, по разделу «Охрана окружающей среды» производство стеклопластиковых труб, в Илийском районе Алматинской области. Инициатор ТОО «ZSTQazaqstan» Илийский район с. Отеген Батыр, ул. Жеруйык, 17А, БИН191140016366, тел 87017515057, e-mail: sakura7888@mfil.ru. Разработчик ТОО НПЦ «Экология», Талдыкорган, Шевченко, 140-13, БИН990740003013 тел.87282 41-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Управление природных ресурсов Алматинской области,Тел.8(72772) 2-32-67, 329267eco@mail.ru, г.Конаев, ул.Жамбыла, 13.

Ссылка на сайт МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru.

"Тентек" ЖШС жұртшылықты 2022 жылдың 6 желтоқсанынан 21 желтоқсанына дейін "Карамола" кен орнындағы жер қойнауын пайдалану карьерін жою жоспарының жобасы, облыстың Алакөл ауданында Жетісу туралы жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді. Бастамашы "Тентек" ЖШС Алматы, Райымбек даңғылы, 101/107, БИН980240000247, тел 87472888046, e-mail: Bazarkanov.80@maii.ru. әзірлеуші "Экология" ҒӨО ЖШС, Талдықорған, Шевченко,140-13, БИН990740003013 тел. 87282 41-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru. жоба материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz. Алматы облысының Табиғи ресурстар басқармасы, тел. 8(72772) 2-32-67, 329267eco@mail.ru, Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13. ЖАО сайтынасілтеме https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru.

ТОО «Тентек» информирует общественность о проведение публичных обсуждений с 6 декабря по 21 декабря 2022 г, попроекту План ликвидации карьера недропользования месторождении «Карамола», в Алакольском районе области Жетысу. ИнициаторТОО «Тентек» Алматы, пр. Раимбека, 101/107, БИН980240000247, тел 87472888046, e-mail: Bazarkanov.80@maii.ru. Разработчик ТОО НПЦ «Экология», Талдыкорган, Шевченко, 140-13, БИН990740003013 тел.87282 41-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Управление природных ресурсов Алматинской области Жетысу, Тел. 8(72772) 2-32-67, 329267eco@mail.ru, г. Конаев, ул. Жамбыла, 13.

Ссылка на сайт МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru.

"Эра-2013" ЖШС жұртшылықты 2022 жылдың 6 желтоқсанынан 21 желтоқсанына дейін, Алматы облысының Талғар ауданындағы "Қотырбұлақ" кен орнының жер қойнауын пайдалану карьерін жою жоспары туралы жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді. Бастамашы "Эра-2013"ЖШС Талғар ауданы Бесағаш ауылы, Чехов көшесі, 9А, БСН130940006879, тел 87017515057, e-mail: Ot.kadr@list.ru. Әзірлеуші "Экология" ҒӨО ЖШС, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, 140-13, БИН990740003013 тел.87282 41-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru. Жобаның материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz. Алматы облысының Табиғи ресурстар басқармасы Жетісу, тел. 8(72772) 2-32-67, 329267eco@mail.ru, Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13.

ЖАО сайтынасілтеме https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru.

ТОО «Эра-2013» информирует общественность о проведение публичных обсуждений с 6 декабря по 21 декабря 2022 г, попроекту План ликвидации карьера недропользования месторождении «Котырбулакское», в Талгарском районе Алматинской области. ИнициаторТОО «Эра-2013»Талгарский район с. Бесагаш, ул. Чехова, 9А, БИН130940006879, тел 87017515057, e-mail: Ot.kadr@list.ru. Разработчик ТОО НПЦ «Экология», адрес, г. Талдыкорган, ул. Шевченко, 140-13, БИН990740003013 тел.87282 41-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Управление природных ресурсов Алматинской области, Тел. 8(72772) 2-32-67, 329267eco@mail.ru, г.Конаев, ул. Жамбыла, 13.

Ссылка на сайт МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Қарны ашқан студент

Бір студент қарны ашып қаланы аралап жүріп, саябаққа көзі түсіп кетіпті. Қараса, адамдар жануарларға нан, бөлке лақтырып жатыр екен. Сөйтіп ол бір маймылды өлтіріп терісін жамылып, темір тордың ішінде қарны тойып отыра берген. Сесия басталатын уақытта кірген тордан қалай шығарын білмеген жігіт: «Өтірік өлсем шығарып тастайды» деп ойлапты. Сөйтсе оны адамдар өліп қалды деп арыстанның алдына апарып тастайды. Өлген жерім осы шығар деген жігіт арыстаннан қатты қорқып отырса, арыстанның терісінен бір бас шығып:

– Бауырым қай университеттен боласың, – депті...

Қонақжай қазақ

Бір заманда орыс пен қазақ көрші тұрыпты. Орыс қазақша, қазақ орысша білмепті. Бір күні қонақжай қазақ орысты үйіне қонаққа шақырыпты. Орыс қазақтың үйіне келіп дастарханда ештеңе жемей отырыпты. Сосын қазақ «ұялмай жей бер» дегенді қалай айтарын білмей, орысқа «ешь, ешь как тебе не стыдно» депті. Орыс одан сайын ештеңе жемей бір орында отыра беріпті. Сосын қазақ ойлапты «мүмкін бұған қой сойып беру керек шығар деп», сосын оны қалай айтарын білмей орысқа «я тебя как баран зарежу» депті.

Орыс орнынан тұра салып қашып бара жатса, «ары-бері өткенде келіп тұр» дегенді қалай айтарын білмей, қашып бара жатқан орысқа «туда-сюда пройдешь, все равно поймаю» депті.

Екі студент нан алуда....

Екі қазақ орысша білмейтін студент дүкенге нан алуға келіпті. Дүкеншіден сұрайды:

– Нан қаншадан? – деп. Дүкенші қазақша білмейді екен:

– По русский говорите, – депті. Қалай айтуды білмей ары ойланып бері ойланып:

– Хлеб ПОЧЕМУ? – депті. Дүкенші аң-таң:

– Чтобы есть, – депті.

Студент:

– Нет, я знаю чтоб есть, но почему??? – депті.

Дүкенші жынданып:

– Ты че дуру из меня делаешь? Как почему? – деп айғайлап жатса, екінші студент:

– Извините пошалуста, он по руски лоха говарит. Он хотел спросить ХЛЕБ ЗАЧЕМ? – депті.

bilim-all.kz сайтынан алынды.

СӨЗ ЖОҚ

ҚАЛА ОРТАЛЫҒЫ (АРБАТ)

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 1122
Индекс 15534